

ИННОВАЦИОННО-ЕУРАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТИ
МАГИСТРАТУРА

«Экономика» кафедрасы

Магистерлік диссертация

**ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ОНЫ ДАМУ
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**
(Павлодар облысының материалдары бойынша)
6N0506 «Экономика»

Орындаушы _____ Е.Долда
(күні, қолы)

Ғылыми жетекші

Э.Ғ.К., _____ А.С Кадырова
(күні, қолы)

Қорғауға жіберілді:

Кафедра меңгерушісі

Э.Ғ.К., доцент _____ З.А. Арынова
(күні, қолы)

Павлодар, 2011

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

ШОК – шағын және орта кәсіпкерлік
ШКС – шағын кәсіпкерлік субъекттері
ЕДБ – екінші деңгейлі банктер
ЭМР- экономиканы мемлекеттік реттеу
ӘКК - әлеуметтік кәсіпкерлік корпарация
ЖҰҰ – жалпы ұлттық өнім
ЖӨӨ - жалпы өңірлік өнім
ҒТП – ғылыми техникалық прогресс

Жұмыс көлемі – 89 бет, оның ішінде 18 кесте, 10 сурет, қолданылған әдебиеттер тізімі (40-әдебит) бар.

Кездесетін терминдер мен анықтамалар: кәсіпкерлік, заңды тұлға, өндіріс, табыс, шығын, бәсекелестік, бәсекеқабілеттілік, нарық, шығарылған өнім, көрсетілген қызмет, шаруа қожалығы, салықтар, несие, лимит, несие сомасы, бағдарлама, бизнес, шағын бизнес, шағын кәсіпкерлік саласы - бұл көбіне экономикалық өсу қарқынын, жалпы ұлттық өнімнің құрылымын және сапасын анықтайтын ұлттық экономиканың жетекші салаларының бірі.

Зерттеу объектісі - Шағын кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы мен оны дамыту перспективалары, Павлодар облысының материалдары бойынша

Жұмыстың мақаты - Павлодар облысындағы шағын бизнестің даму қарқынын зерттеу, шағын кәсіпкерлік қызметінің тиімділігіне кедергі болатын мәселелерді анықтау, және сол мәселелерді шешу бойынша ұсыныстарды енгізу.

Зерттеу әдістері: абстракттік-логикалық, экономико-статистикалық, есептік-бәсекелестік, салыстырмалы талдау, жүйелі талдау, жеке зерттеу, бақылау мәліметтері.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Павлодар облысындағы шағын кәсіпкерлікті зерттеуді жалпы жиынтық түрде қарастыру және салыстырмалы түрде талдау жасау болып табылады

Зерттеу нәтижесінің ғылыми жаңалығының нәтижесі келесілерден тұрады:

- Павлодар облысындағы шағын кәсіпкерлік мәселесін ғылыми тұрғыдан қарастыру
- қарастырылған сұрақтарда логика негізделген;
- апрблема анықталған және Павлодар облысы бойынша шағын кәсіпкерлікті дамыту жүйесін жетілдіру бойынша негізгі бағыттар қарастырылған.

Нақты жинақталған материалдардың сандық және сапалық негізі, Палодар облысының статистика басқармасының мәліметтері, Қазақстан Республикасының статистика агенттігінің мәліметтері, отандық және шетелдік экономикалық ғалымдар класигінің еңбектері, нормативтік және заңнамалық ақтілер.

КІРІСПЕ

Еліміздің экономикасын реформалау үрдісінде шағын бизнес шешуші рольге ие болды. Шағын кәсіпкерліктің құрылуы мен дамуы өнеркәсіптік сектордың ұсақталуымен біріге отырып «Қазақстан - 2030» Стратегиясының негізін құрады.

Республикамызда тиімді нарықтық экономика құру үшін шағын кәсіпкерліктің маңызы оның бәсекелестік ортаның дамуын қамтамасыз ететін құрылым жасаушылық факторында: базарды тауарлар мен қызметтерге толтыру; халықтың қол өнерін қайта жаңғырту; тұтастай мемлекеттің және жергілікті өкімет органдарының экономикалық базасын күшейтуде; ауылдарды, шағын және орташа қалаларды дамытуда.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі болып, Қазақстан экономикасының стратегиялық міндеттері болып отандық, ғылыми жетістікке ие кәсіпорынды дамыту, өнімнің бәсеке қабілеттілігіне қол жеткізетін жаңа ақпараттық технологияларды дамыту және Республиканың ғылыми-техникалық потенциал мен өндірістік потенциалы сақтай отырып экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Экономикалық қозғалысы, шешім қабылдаудағы икемділігі, аймақтық жылдамдығы шағын бизнесті қазіргі қоғамға қатет деп танытады. Біздің көз алдымызда қоғамның жаңа экономикалық негізі қаланып келе жатыр, ондағы әр бір қоғам мүшесі өзінің кәсібімен айналысып, өзін өзі жұмыспен қамтып және шексіз пайдаға кенелуге ұмтылады. Бұған қоғамның және шаруашылық қызметінің бостандығы сепеші болады. Қазіргі кезде адамдардың көбі кәсіпорынды дамытушы тек кәсіпкерлік екендігін түсінді, ал ол өз кезегінде барлық қоғамның дамуына әкеліп соғады. Мемлекет кәсіпкерліктің есебінен гүлденеді, ал кәсіпкерлік өз мемлекетінің көмегіне мұқтажы. Шағын кәсіпкерліктің экономикалық қызметінің мазмұны бәсекелес ортаны дамыту, нарықты тауарлар мен қызметтермен қамтамасыз ету болып табылады. Ал шағын кәсіпкерліктің әлеуметтік қызметінің мазмұны халықтың жұмыспен қамтылу мәселесінің шешілуінде, кедейшілікті жеңуде, қоғамды демократизациялауда. Кәсіпкерлік қызметінің негізгі жағдайы ретінде бәсекелестік ортаны құру мен шаруашылық жүргізуші субъектінің экономикалық бостандықты қабылдауы танылады.

Кәсіпкерлігі табиғи жолмен дамыған, ал оны мемлекеттік қолдаудың нысандары мен әдістері ұзақ уақыт бойғы әлеуметтік-экономикалық реформалармен қабылданған экономикасы дамыған мемлекеттің қарағанда, біздің елімізде кәсіпкерліктің даму тарихы тереңге бармайды, ол бар жоғы он сегіз жылды құрайды. Біз барлығымыз да еліміздегі шағын кәсіпкерліктің қалай қалыптасқандығына және оның қалай дамып келе жетқандығына куә болды, қазіргі кезде шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны 5,6 миллион адамға жеткен. Сондықтан да нарықтық экономикада шағын кәсіпкерлікті дамыту маңызды мәселелердің бірі болып саналады, сондықтан да осы тақырып таңдадым.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты болып мыналар табылады: Павлодар облысындағы шағын бизнестің даму қарқынын зерттеу, шағын кәсіпкерлік

қызметінің тиімділігіне кедергі болатын мәселелерді анықтау, және сол мәселелерді шешу бойынша ұсыныстарды енгізу.

Алдыға қойылған мақсатты ескере отырып келесідей міндеттерді шешкен жөн:

- шағын кәсіпкерлік сферасының қалыптасуының экономикалық мәнін ашу;
- Павлодар облысындағы шағын кәсіпкерліктің қазіргі жай-күйіне талдау жасау;
- шағын кәсіпкерлікті дамытудағы кездесетін негізгі мәселелерді анықтау;
- Павлодар облысындағы шағын кәсіпкерліктің даму перспективаларын анықтау;
- Павлодар облысы бойынша шағын кәсіпкерлікті дамытуды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

Берілген жұмыстың зерттеу пәні болып шағын кәсіпкерлікті дамыту негізі және шағын кәсіпкерлікті дамытудағы негізгі мәселелер табылады. Зерттеу объектісі болып, барлық меншік формасындағы Павлодар облысындағы шағын бизнес.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізін отандық және шетелдік экономистердің ғылыми еңбектері құрады.

Зерттеу барысында заңнамалық және нормативтік актілер, жергілікті басқару органдарының Қаулылары, Қазақстан Республикасы бойынша және Павлодар облысы бойынша статистикалық басқарма агентігінің материалдары, ҚР-ның және шет мемлекеттердің ағымдық басылымдары, Интернет Web-сайттарының материалдары кеңінен пайдаланылды.

Диссертациялық зерреу жұмысын дайындау барысында экономика-статистикалық, салыстырмалы талдау, болжамдай мен бағдарлау әдістері кеңінен қолданылды, сонымен қатар жеке бақылау мәліметтері де негізге алынды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы. Жұмыстың ғылыми жаңалығы Павлодар облысындағы шағын кәсіпкерлікті зерттеудегі жалпы жиынтық түрде қарастыру және салыстырмалы түрде талдау болып табылады.

Зерттеу нәтижесінің ғылыми жаңалығының нәтижесі келесілерден тұрады:

- Павлодар облысындағы шағын кәсіпкерлік мәселесі ғылыми тұрғыдан қарастырылған.
- қарастырылған сұрақтарда логика негізделген;
- апрблема анықталған және Павлодар облысы бойынша шағын кәсіпкерлікті дамыту жүйесін жетілдіру бойынша негізгі бағыттар қарастырылған.

Тәжрибиелік маңыздылығы. Берілген диссертациялық жұмыс нәтижелері аймақтағы шағын кәсіпкерлік секторын дамытуға бағытталған. Осыған байланысты, жұмыста көрсетілген негізгі бағыттарды өңірдегі шағын кәсіпкерлікті дамытуға бағыттауға болады.

1. ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК СФЕРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ЖӘНЕ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Шағын кәсіпкерліктің мәні және Қазақстан экономикасындағы ролі

Батыс елдерінің экономикалық әдебиетінде шағын бизнесті «өсу үстіндегі бала» деп қарау орын алған. Жеке жағдайда «шағын бизнес – бұл өсу үстіндегі бала ретінде, сондықтан барлық уақытта сәби бесігінде қала алмайды. Ол үлкен мекен-жайға мұқтаж, бұл үшін ол кәсіпкерлік қызметпен бел шешіп айналысуы қажет».

Шағын бизнестің дамуы Қазақстандағы экономикалық түрленудің ең маңызды бағыттарының бірі болып келеді. Оның одан әрі дамуының тұжырымдамасы ортақ нарықтық алғышарттарды - нарықтық инфрақұрылымды, дәлелдік механизмді, және мемлекеттің арнайы қолдау жүйесін жасауды қарастырады. Тұжырымдаманың осы екі буыны кешенді түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

Тап сол себептен шағын және орта кәсіпкерлік ортаны жан-жақты қолдау республикалық та, аймақтық та деңгейде жүзеге асырылатын, мемлекеттік саясаттың жүргізуші мақсаттарының қатарына кіруі тиіс.

Шағын кәсіпкерлік қоғамның экономикалық және әлеуметтік прогресінің маңызды факторы болып табылады.

Шағын кәсіпорындар бастапқы ірі инвестицияны талап етпейді және ресурстардың айналымының жоғары жылдамдығына кепіл береді, экономиканың құрылымын өзгерту мәселелерін тез және тиімді шешуге қабілетті. Нарық конъюнктурасының өзгерісіне оперативті жауап беріп, шағын кәсіпкерлік экономикаға қажетті икемділік береді. Ол экономикадағы бәсекелестік ортасын қалыптастыруға елеулі үлес енгізуге қарағанда, сұраным мен ұсынымның өзгерісіне тез үн қосуға және осы есептен нарыққа қажет тепе-теңдікті қамтамасыз етуге қабілетті.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту аралас экономикаға икемділік беріп, әртүрлі нысандағы меншікті және оларға төн шаруашылықтың баламалық үлгілерін үйлестіріп, жалпы әлемдік үрдіске жауап береді, онда бәсекелес нарық механизмі күрделі синтезі және ірі, орта және ұсақ өндірісті мемлекеттік реттеу жүзеге асады.

Шағын кәсіпкерлік саласы - бұл көбіне экономикалық өсу қарқынын, жалпы ұлттық өнімнің құрылымын және сапасын анықтайтын ұлттық экономиканың жетекші салаларының бірі.

Ол әлеуметтік құбылыс белгілерін иеленеді, өйткені халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді және жұмыссыздық пен кедейлікті азайтады.

Нарық конъюнктурасы - нарықта қалыптасқан экономикалық жағдай: сұраным және ұсыным, баға, сату көлемі, пайыз мөлшерлемесі, валюта курсының және т.б. деңгейі.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту қаржы, материал құралдарына және табиғи ресурстарға ұқыпты қатынасты, шаруашылық істегі жаңа ойлауды қалыптастыруға қабілетті.

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытуға объективті қажеттілікке үлкен назар аударылады.

Қазақстан Республикасындағы 2001-2002 жылдарда шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы осы бағыттағы елеулі қадам.

Қазақстан Республикасында тұрақты экономикалық өсудің күрделі факторына инновацияны айналдырудағы маңызды рольді шағын кәсіпкерлік атқарады.

Әлемдік экономикалық серпіннің заңдылықтары бойынша өдетте инновациялық сілкіністі шағын кәсіпкерлік бастайды, одан кейін оның табыстарын ірі кәсіпорын жүзеге асырады.

Шағын кәсіпорын инновацияға тез жауап береді, тәуекелге, жаңа нарыққа бұзып кіруге бейім.

Шағын кәсіпкерліктің ерекшелігі капитал салымының тез өзін-өзі ақтауы, өндірушілердің аймақтық нарыққа бағытталуы, сұраныстың өзгеруіне қолайлы бейімдеу және т.б.

Бүгінгі күнде шағын бизнес секторы Қазақстан экономикасының ажырамас бөлігі.

Шағын бизнестің дамуы көптеген маңызды ерекшеліктер әкеледі:

- а) жеке меншік иелерінің көбеюі;
- б) азаматтардың кірістерін жоғарлататын және әр түрлі әлеуметтік топтардың арасында диспропорцияны жоюға мүмкіндік беретін экономикалық белсенді тұрғындардың санының өсуі;
- в) аз капитал шығынымен жаңа жұмыс орындардың жасау, әсіресе қызмет көрсету сферасында;
- г) өндірушілер монополиясын жою, бәсекелестікті орта жасау;
- д) еңбекті қажет ететін өнімді шығаруда аз капиталды пайдалану;
- е) экономиканың әр түрлі секторының арасындағы өзара қарым қатынасты жақсарту.

Экономикалық өсу курсы шағын кәсіпкерлікті дамытуды белсендіруді, оның ұлттық экономикадағы ролін арттыруды ұйғарады.

Шағын кәсіпкерлік шаруашылық қызметтің ерекше өдісі ретінде шаруашылықтың көп түрлі нысандарын ынталандыруға, ішкі шаруашылықты дамытуды елеулі шамада күшейтуге, халықтың еңбекпен қамтылуын кеңейтуге және Қазақстанның халықаралық еңбек бөлінісі мен айырбаста салыстырмалы артықшылығын іске асыруға арналған.

Кәсіпкерлік орта ғасырдан бастап, әлемдік қоғамдық дамуының барлық кезеңдеріне тән. Й.Шумпетер кәсіпкерлікті капитализмнің "адам" факторы ретінде зерттеді, оны ғылыми-техникалық және қоғамдық прогрестің қозғаушысы ретінде қарастырды. Ол капитализмнің орталық тұлғасы ретінде кәсіпкерді санады. Кәсіпкерлікті ол технологияның, жаңалық енгізудің және экономикалық өсудің дамуымен байланыстырды. Кәсіпкерлікті ол шаруашылық субъект деп түсінді, олардың атқаратын қызметтері өндірістің негізгі факторларын қолданып, жаңа тәсілдемені жүзеге асыру. (Шумпетер Й. Экономикалық даму теориясы: кәсіпкерлік пайданы, капиталды, несиені, пайызды және конъюнктура циклын зерттеу, М. 1982).

М. Вебер Кәсіпкерлікті "іс адам үшін емес, адам іс үшін өмір сүретін" тұрмыс салты ретінде ұғынды.

"Біріңғай инвестициялар басқа бірдей жағдайларда әртүрлі елдерде экономикалық өсудің, техникалық прогрестің деңгейінің және жалпы ұлттық өнім көлемінің өртүрлі қарқынына жетуге әкелу" себебі кәсіпкерлік болып табылады.

"Жеке немесе мемлекеттік-тиімді кәсіпкерлік-жекелей алғанда экономикалық дамудың ең маңызды көзі болып табылатын" жағдай заңды бекітілді.

Кәсіпкерлік қызмет шығармашылық сипатта болады, беру, мемлекеттік тапсырыс тарату, кепіл зат ұсыну жолдарымен жүзеге асады.

Шағын кәсіпкерлікті қаржы-несиелік ынталандыруды, онын субъектілерін несиелеудің бағдарламасын жасайтын және қолданатын коммерциялық банктер жүзеге асырады.

Шағын кәсіпкерліктің дамуын қолдау мен ынталандыру шаралары қызметін лизинг пен франчайзинг аткарады.

Лизингтің дамуы рухани және табиғи тозған негізгі қорларды ауыстыру қажеттілігіне және шағын кәсіпорындарда жаңа техника мен технологияны сатып алу үшін жеткілікті қаржылардың шектеулігіне байланысты.

Франчайзинг - шағын кәсіпкерлікке белгілі уақыт ішінде және белгілі орында кәсіпкерлік қызметті жүргізуге берілген бас компанияның шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін қаржыландыру құралы ретіндегі құқығы.

Шағын кәсіпорынның ұзақ мерзімді болашағын, көптеген шешімдердің жүзеге асуын болжау қиын. әрекет бағытын бірнеше мүмкін нұсқадан таңдау қажет болған белгісіздік жағдайда қабылдауға тура келеді.

Осыған байланысты кәсіпкерлік тәуекелді басқарудағы қажеттілік пайда болады. Мұнда шиеленіскен жағдайлардың ықтималдығы есепке алынуы тиіс.

Шағын кәсіпкерлік теориясы мен тәжірибесінің мәні тәуекелдің зардабын мүмкіндігінше төмендету, тәуекелді алдын-ала есептей білу, болжанбаған шараларды азайту бойынша шараларды белгілеу. Тек табиғи ресурстарға сүйеніп, экономикалық есуді қамтамасыз ету, өте үнемсіз.

Қазақстанда елеулі ғылым және білімділік әлеует сияқты өсудің стратегиялық факторы бар. Бәсекелестік қабілеттің бұл факторы көптеген дамушы елдерде жоқ.

Оны нарықтық экономикада тек инновация арқылы толық қолдануға болады.

Жаңалықтар еңгізуге бейімділік және оларды жүзеге асыруға қабілеттілік - қоғамның өмір сүру қабілетінің қажетті белгісі. Инновациялық қызмет экономикалық, әлеуметтік дамудың, экономиканың ішінде туған шаруашылық мәдениет элементінің құрылымдық өзгерісінің маңызды факторы болып табылады.

Жалпы шағын кәсіпкерлік өз бастауын кәсіпкерлік сөзінен алады, сол себепті кәсіпкерліктің мәнін ашып көрсек.

«Экономикалық» және «әлеуметтік» байланысының көзқарасынан кәсіпкерлік істің табиғатын зерттеу керектігін, кәсіпкерді экономикалық

дамудың «негізгі көрінісі», оның басты қозғаушы күші деп санайтын кәсіпкерліктің теоретигі Йозеф Шумпетер алғашқылардың бірі болып көрсетті. Оның пікірінше, кәсіпкерлік – бұл өндірісте немесе айналымда жаңа тіркестер жүзеге асыру, жаңашылдық енгізу, дәлірек айтқанда: тұтынушыларға жаңа таныс емес игіліктер өндіру немесе оның жаңа сапасын жасау, жаңа технологияларды енгізу, жаңа сату нарықтарын және шикізат көздерін игеру, шаруашылық форманың ұйымдастырушылық өзгерістері бойынша қызметтерді атқаратын шаруашылық субъект болып табылады [3].

Шетелдік және отандық экономистер өз еңбектерінде дәл кәсіпкерлік нысандарының қиындығы мен көпқырлылығын ескере отырып, бұл экономикалық әрекетті мемлекеттік реттеу идеясының әдістемелік қисынын табуға тырысып жатыр.

Кәсіпкерді капиталист және пролетариатты қанаушы деп санайтын, Карл Марксқа қарағанда, Шумпетер меншік иесі мәртебесі кәсіпкердің міндетті емес атрибуты екенін айрықша көрсетті [3].

Ф. Фон Хайек әлеуметтік философия мен экономикалық теорияның негізгі әл-ауқаты, онымен ұсынылған бәсекелестіктің, әлеуметтік-мәдени эволюцияның, спонтандық кезектің идеялары мен тұжырымдамалары кәсіпкерлік зертеулердің көпшілігінің әдістемелік және теоретикалық негізі болды. Хайектің пікірінше, кәсіпкерлік те, кәсіпкер де жұмыстың түрімен емес, шаруашылық субъектінің мінез-құлығымен мінезделеді. Сонымен қатар, кәсіпкер жаңаны іздеу процесінің қозғаушы күші болып табылады, өйткені ол басқалармен табылмаған табыс алудың мүмкіндіктерін табуға тырысады. «Көпшілік жас елдерде соншама өкінуді шақыратын кәсіпкерлік рухының жоқтығы тұрғындардың жаратылысынан болған қасиеті емес, ондағы дәстүрлер мен институттардың қоятын шектеулер салдары».

Кейінгі зерттеулердің барлығы қалай болса да жоғары келтірілген Хайек пен Шумпетердің идеяларын негізделеді. Кәсіпкерлікті қазіргі зерттеушілердің жұмыстары арасында, кәсіпкерлік қасиеттерінің топтастырылуын ұсынған және кәсіпкерліктің қажетті (базалық) және мүмкін (қайталама немесе кейінгі) қасиеттерін бөліп көрсеткен, А.И. Агеев маңызды орын алады.

Кәсіпкерлік өмір сүру үшін қажетті қасиеттерге ұйымдастырушылық-шаруашылық жаңашылдық және шаруашылық субъектінің экономикалық еркіндігін жатқызу керек. Одан басқа көптеген факторлар мен белгілер (ресурстарды иемдену, тәуекелдік, көшбасшылық, шешімдерді қабылдау және т.б.) базалықтардан шығатын немесе оларды толықтырушы және мәнін ашатын болып табылады.

20 ғасырдың 70-90 жылдар кезеңінде мемлекеттік монополизм шараларында шағын және орта кәсіпорындар жағдайларында күрделі өзгерістер болады, содан осы жаңа кездерді көрсететін жұмыстар пайда болды. Кейін монополиялар мен шағын бизнес кәсіпорындар қарым-қатынастар сұрақтары, Б.Н. Ичитовкина, Н.Я. Медведева, Е.А. Хатунцева сияқты Совет экономистерінің зерттеулерінде көрініс тапты [4-7].

Соңғы онжылдықта шағын және орта бизнес ірі индустриямен қатар 10 нарықтық экономикасы бар дамыған мемлекеттердің экономикалық өсудің

маңызды көзі болды.

Ресей мен Қазақстанда, жалпы бүкіл тәуелсіз мемлекеттер достастығында қоғамдық өндірістің тиімділігін едәуір жоғарлату, оның құрылымының орталықтанбауынсыз, шаруашылық субъектілер санының өсуінсіз, НТР талаптарына икемді өзгеретін жоғары өндірістік шағын экономиканы құрмай мүмкін емес. Совет Одағының экономикасы ұзақ уақыт бойы өндірістің концентрация деңгейін жоғарлату және үлкейту жолында келе жатты, сондықтан шағын және орта кәсіпорындарға ешқандай назар аударылған жоқ. Сонымен қатар, «кәсіпкерлік», «бизнес» сияқты түсініктер адамдардың есінен әдейі жойылды..

Кәсіпкерлік бірқатар әлеуметтік маңызды мәселелерді екі деңгейде де орныдайды. Олар: макроэкономика және микроэкономика.

Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, ұлттық бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысу, ұлттық байлықты игеру – макроэкономикалық қызметтер.

Микроэкономикалық қызметтерге жатқызуға болады: өндірістің шығындарын төмендету, табыс алу, шығынсыз өндірісті ұйымдастыру, инновациялық қызмет, жаңа жұмыс орындарын жасау.

Әлеуметтік көзқарастан, аман қоғамда кәсіпкерлік қызмет үшін де жағдайлар анағұрлым қолайлы екені туралы фактіде күмән жоқ. Бірақ, шағын және орта бизнестің «экономикалық» пен «әлеуметтік» диалектикалық өзара себептелегенін ескере отырып, олардың әлеуметтік қызметтерінің шекараларын анықтау керек.

Кәсіпкерлік өзінің айналасында тұлғаға қадір нақтыланатын, өзіндік бекітілуге талпынуды жүзеге асыратын, адамдардың шығармашылық қабілеттіліктерін босатуға мүмкіндік беретін, оларға қызмет ортасын қамсыздандыратын, шаруашылық жүргізу типі ретінде шығатын ортаны жасайды. Кәсіпкерлік қоғамның демократизациялау салдары болып, экономикалық құрылым мен адамдардың психологиясына ену мөлшеріне қарай, қоғам мен тұлғаның өндірістің стагнацияларынан босатылу процесін қолдайды, ойлау типі мен өмір сүру келбетін жасайды. Кәсіпкерліксіз бизнес болмайды, өйткені ол оның жүйе элементі ғана емес, даму факторы да болып табылады.

Кәсіпкерліктің дамуы экономиканың тиімделенуін, бәсекеге қабілеттіліктің көтермелеуін, пайдаланылмайтын немесе жаман пайдаланылатын ресурстардың балластынан арылуын, қоғамның басты әлеуетінің, яғни адамның толық жүзеге асырылуын білдіреді. Сол себепті, кәсіпкерлік социалистік немесе капиталистік бола алмайды. Ол - бизнестің құрамдас бөлігі, нарықтық экономиканың және еркін нарықтық орта мен қоғамның демократизациясы бар жерде ғана бекітіледі.

Кәсіпкерлікті қалай да жою адамды тергеу үшін негіз болып табылады. Өзінің жеке табысы, жеке ісі жоқ азамат еркін бола алмайды

Барлық адамдар мемлекетке қатысы бойынша жалданған жұмыскерлер болатын қоғам, адамгершіл болуы мүмкін емес. Барлық жұмыскерлер бірыңғай шаруашылық тип бойынша жұмыс істейтін, бірыңғай фабрикаға айналған, экономика, өз мәні бойынша кәсіпкерлікті жоққа шығарды. Кедей халық пен дефицитті экономика кезінде, олар айтқандай, өзінің гүлденуін насихаттап

жүрген пайда болған социалистік мемлекет болмайтыны көрінді. Тәжірибе көрсеткендей, қазіргі адам пайда болу дәуірінен бастап жасады және, өз кезегінде, кәсіпкерлік қағидаларына негізделген батыс өркениеттің барлық ұстанымдарымен қазіргі социалистік тенденциялар тез үзілуін білдіреді.

Сондықтан бүгін таңда, кәсіпкерлікке қайтып келу – бұл өркениетке қайтып келу, бұл біздің «коммунизм құрылымының» жаршылары әкелген, тұғырықтан шығу жолы.

Кәсіпкерлік, бизнестің элементі ретінде, еңбектен, шаруашылық жүргізуден, жекешелендіруден бөлінуі мүмкін емес. Еңбексіз бизнес болмайды.

Еңбек және кәсіпкерлік – бұл материалды және рухани игіліктерді өндіру бойынша мақсатты бағытталған қызмет процесі, бірақ егер кәсіпкерлік үшін еңбек - оның дамуының басты шарты мен өмірлік құндылықтарды жасау көзі, онда кәсіпкерлік – бұл еңбекті шығармашылық компонентпен тұқымдатқыш құрал, бұл еңбектің соңғы нәтижелеріне тікелей ынталылығымен, қызығушылығымен берілген істі таңдаған субъектілердің өзіндік жәбірлеумен мінезделетін істің мазмұнды, сапалы жағы.

Кәсіпкерлік – бұл оны жүргізудің прогрессивті әдістерін, айдаларын, тәсілдерін, сондай-ақ өндірістің нақты иеленушіні, басшыны талап ететін шаруашылық жүргізудің сапалы жаңа тиімді типі.

Осылайша, кәсіпкерлік экономикалық санат, бизнес элементі, шаруашылық типі және өмір сүру түрі ретінде болады.

Кәсіпкерлік экономикалық белсенділіктің айрықша нысаны ретінде мемлекеттік те, жеке де экономикалық секторында жүзеге асуы мүмкін. Осыған байланысты оларды былайша бөліп көрсетуге болады:

- а) мемлекеттік кәсіпкерлік;
- б) жеке кәсіпкерлік.

Мемлекеттік кәсіпкерлік – бұл мемлекеттік мүлікті (мемлекеттік кәсіпорынды) басқаруға уәкілетті (заңнамаға сәйкес) мемлекеттік басқару органдармен немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен (муниципалды кәсіпорындар) құрылған кәсіпорын атынан экономикалық белсенділікті жүзеге асыру формасы. Осындай түрлі кәсіпорындар меншігі мемлекеттік немесе муниципалды меншік бөлігі, бюджеттік қаражаттар бөлігі, басқа да көздердің жалпы формасы болып табылады. Осы кәсіпорындардың маңызды сипаттамасы ретінде өзінің міндеттері бойынша тек меншігінде болатын мүлікпен ғана (мемлекет олардың міндеттері бойынша жауап бермейді, олар мемлекеттің міндеттері бойынша жауап бермейді) беретіні болады.

Жеке кәсіпкерлік – бұл кәсіпорын (егер ол солай тіркелген) немесе кәсіпкер (егер ондай қызмет жұмыс күшін жалдамай, жеке еңбек қызметі түрінде жүзеге асса) атынан экономикалық белсенділікті жүзеге асыру нысаны.

Әрине, осы түрлердің әрқайсысы – мемлекеттік және жеке кәсіпкерлік – өзінің айрықша белгілеріне ие, бірақ оларды жүзеге асырудың негізгі қағидалары көбінесе ұқсас. Екеуінде де мұндай қызметті жүзеге асыру талапшылықты, жауапкершілікті, инновациялық енгізуді, табысты максимализациялауға талпынуды білдіреді.

Кәсіпкерліктің екі түрінің үлгілері де ұқсас.

Кәсіпкерлік табысты (кәсіпкерлік табысты) алуға бағытталған бастамшыл қызмет нысаны ретінде білдіреді:

- тікелей өндірістік қызметтерді жүзеге асыру, яғни тауар (өнім) өндіру немесе қызмет көрсету (мысалы, көлік құрылыс фирмасы, туристік компания, конструкторлық бюро);

- делдалдық қызметтерді жүзеге асыру, яғни нарыққа тауарды жіберу және осы тауарды тікелей өндірушіден оның тұтынушыларын дұрыс түрде жіберумен байланысты қызметтер көрсету.

Мәселені қоғамдық түсіну, бір жағынан, басым мағынада кәсіпкерлік қызметтің бірінші типіне ие, өткені қоғамдық байлық (қоғамның әрбір мүшесінің өмірінің деңгейі мен сапасының жалпы қорытындысы ретінде) дәл материалдық өндіріс, ғылыми-техникалық және қызмет көрсету орталарындағы жұмыстар жағдайына тәуелді екеніне тіреледі. Басқа жағынан, осындай қоғамдық қатынас іс жүзінде кәсіпкерліктің осы типінен ағыз басым мінезі жоқ – қоғам кәсіпкерлік қызметтің екінші типінің дамуына да көмектеседі, яғни делдалдық, алдымен өйткені, қоғамның әрбір мүшесінің өмір сүру деңгейі мен сапасы, жайлылығы шамалы аз емес қоғамда делдалдық ортаның (сауданың сатып алушылар үшін жайлы ұйымдастырылуы, жарнама, тауарларды үйге жеткізу, пошта арқылы тауарларға тапсырыс беру және т.б.) даму деңгейіне тәуелді. Осының барлығы өндірістік мағыналы тауарлар тұтынушыларына да жатады.

Бірақ делдалдық қызметті қоғамның олай қарсы алуы, жалғыз және негізгі себебі болып табылмайды. Бастысы басқада қорытындалады – делдалдық кәсіпкерлік қызмет, оның бар болуы және ақылға сыйымды шектерге дейін қиындату әкеледі:

- мамандықтың тереңдетілуі негізінде тікелей тауарларды өндірушілердің еңбектің өндірістілігін жоғарлатуға;

- қаржылық айналу қарқынын тездету;

- тауарлы нарықтардың объективті талап етілетін мөлшерлерге дейін толтырылуы және тікелей тауар өндірушілердің соңғы тұтынушылардың мүдделеріне қарай жұмыс істеу (өйткені мердігер басты сипатпен тұтынушылық сұраныс пен тапсырысты зерттеуге немесе ол тапқан тұтынушылық мүддесі бар өнімді ғана алуда мамандалады; тікелей тауарлар өндірушіме өндірілетін кез келген өнімді ол ала бермейді).

Кәсіпкерлік қызметтің мазмұны мен оның іске асырылу процесінің негізгі кезеңдермен байланысына қарай кәсіпкерліктің әртүрлі түрлерін ажыратады: өндірістік, коммерциялық, қаржылық, делдалдық, сақтандыру.

Егер кәсіпкердің өзі тікелей еңбек саймандары мен заттарын факторлар ретінде жұмсай отырып, кейін тұтынушыларға, сатып алушыларға, сауда ұйымдарына сату үшін өнім, тауарлар, қызметтер, жұмыстар, ақпарат, рухани байлықтар өндіретін болса, кәсіпкерлік өндірістік деп аталады.

Осылайша, кәсіпкерліктің осы түрдегі өндіріс қызметі негізгі, анықтаушы болып табылады.

Тауарларды өндірумен тікелей байланысты кәсіпкерлік қызмет келесі сипатта болуы мүмкін:

- дәстүрлі сипат (дәстүрлі кәсіпкерлік);
- инновациялық сипат (инновациялық кәсіпкерлік қызмет, инновациялық кәсіпкерлік) болады.

Тікелей тауарларды өндіру ортадағы кәсіпкерлік, осылайша, дәстүрлі және инновациялық тауарларды өндіруге және нарыққа жеткізуге бағытталуы мүмкін. Кез келген түрдегі кәсіпкерлік қызметтің тәжірибесіне инновациялық процесс кіреді.

Кәсіпкерлік қызметтің жоғарыда көрсетілген бөлінуі, өндірістің ұйымдастырылуымен, өндірістің технологиялық элементтерімен немесе өндірістік тауарлардың сапалы мінездемелерінің өзгеруімен байланысты жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асатын, дәстүрлі тауарларды өндіру және нарыққа жеткізу түсінігінде негізделеді.

Коммерциялық кәсіпкерлікте кәсіпкер тұтынушыларға, сатып алушыларға басқалардан сатып алған дайын тауарларды сататын саудагер, коммерсант рөлін атқарады.

Егер тауар заңды негізде сатып алынса, онда сауда-коммерциялық кәсіпкерлікті спекуляция деп атауға және осы негізде соттауға болмайды. Тек сауданың ережелерін бұзумен, заңға қарсы сату байқалса ғана, тыйым, қылмыстық спекуляция туралы айтуға болады.

Қаржылық кәсіпкерлік сатып алу-сату құралы ретінде ақша және сатып алушыға кәсіпкермен сатылатын немесе несиеге берілетін, бағалы қағаздар болатын коммерциялық кәсіпкерліктің ерекше нысаны болып табылады.

Сақтандыру кәсіпкерлігі, кәсіпкерлердің мүлікті, құндылықты, өмірді сақтаушыға кездейсоқ апаттар кезінде мүмкін зардаптар үшін нақты төлем компенсация төлеуге кепіл беретіндігінде түйінделеді.

Мүлікті, денсаулықты, өмірді сақтандыру, кәсіпкер сақтандыру жарналарын алып, сақтандыруды тек нақты оқиғалар кезінде төлейтінінде негізделген, қаржы-несиелік кәсіпкерліктің ерекше нысаны. Осындай жағдайлардың болу ықтималдығы жоғары емес болғандықтан, қалған жарналар үлесі кәсіпкерлік табысын құрайды.

Шағын және орта бизнес ортасын мемлекеттік реттеу процесі бірбеткей және талассыз емес әрекет. Төмен үлесті шығындармен массалық көлемде өндірілетін өнімді шығару үшін ең жақсы мүмкіндіктерге ірі кәсіпорындар ие. Соған қоса, егер бірліктік өнімді шығару үшін үлкен шығындар қажет болса да өздерін ақтайды (Мысалы, авиа және кеме құрылысында).

Одан басқа, нарықта ірі компаниялардың біріншілігі ғылыми зерттеулер мен зерттемелер ортасында жоғары нәтижелерге жетумен, ірі қаржылай салуларды және парасаттың үлкен көлемде тартылуын талап ететін патенттерді алу және жаңа өндірісті игеру мүмкіндіктері мен қабілеттіліктерімен анықталады.

Жиі ірі кәсіпорындармен шығарылатын шағын кәсіпорындар нарықтық экономиканың барлық кезеңдерін толтырып, үлкен кәсіпорындардың тиімділігінің өсуіне көмектесіп, олардың ісін толықтырады, егер ірі фирманың күші оның экономикалық қуатында болса, онда шағын кәсіпорындардың күші олардың саны мен қатты икемділіктерінде.

Ұлттық нарықта әрбір шағын фирманың үлесі үлкен емес, бірақ жалпылай олардың салмағы едәуір үлкен. Олар нарықтық экономиканың жалпы жүйесінің құрылуына байыпты ықпал етеді. Шағын кәсіпорындар ірі фирмалардың қызметін толықтыра қоймай, жаңа өнім түрлерін зерттеуде және игеруде, жаңа қызмет түрлерін көрсетуде әрдайы дайындықта бәсекелесе отырып, оларға демалуға мұрша бермейді.

Тәжірибе көрсеткендей, шағын кәсіпорындар үлкен артықшылықтар мен бәсекеге қабілеттілікке ие, өйткені олардың басқару жүйелері иекмдірек, үнемдірек, және шұғыл, ал бұл ірі қаржы құралдарын, үлкен жұмыскерлер санын, өндірістік қорларды маңызды жаңартуды талап етпейтін, өндірістің түрлерін ұйымдастыру үшін аса тиімді.

Фирмалар қызметтерінің орталары бойынша өнеркәсіптік, агроөнеркәсіптік, ауылшаруашылық, құрылыстық, көліктік, телекоммуникациялық, сауда-саттық, венчурлық, инжинирингтік, лизингтік, банктік, сақтандыру, баспасөз, туристік және т.б. болып жіктелуі мүмкін.

Сонымен қатар, фирмалар кәсіпкерлік қызмет түрлеріне, капитал мен меншікті басқаруды бақылау формалары бойынша бөлінеді. Содан басқа, оларды бизнесті ұйымдастыру формалары, шаруашылық қызметі, кадрларды, өнім сапасын басқару бойынша ажыратады.

Сонымен, шағын кәсіпорынның өзгешеліктері қандай. «Ұсақ және шағын кәсіпорындар», «үлкен және ірі кәсіпорындар» түсініктері салыстырмалы болып табылады. Қандай да болмасын кәсіпорындарды ірі, орта және шағын деп бөлу үшін сәйкес критерийлер қажет.

Оларды анықтаудың қиындығы, олардың халықтық шаруашылығының барлық орталары мен салаларында бірдей болмайтындығында. Мысалы, қызмет көрсету мен сауда орталарында ірі болып саналатын кәсіпорындар өңдеу өнеркәсібінде орта немесе шағын да болуы мүмкін, ал тамақ өнеркәсібінің орта кәсіпорны өлшем мінездемелері бойынша көмір алуда шағын болып көрінеді және т.б.

Кейбір зерттеушілер басқа да қосымша критерийлерді шығарады. Осылайша, венгр экономисті Д. Варганың пікірінше, жұмыспен қамтылғандардың санымен қатар өндірістің профилі, өндірістік тауарлар мен қызметтер мінезі, бастықтың жұмыскерлермен жеке тікелей байланыс деңгейін, иерархиялық басқару жүйесінің бар не жоқтығы және т.б. кәсіпорынның көлемінің критерийлері ретінде де санау керек. Сонымен қатар, Д.Варганың көлем критерийлерінің зерттелмегендігі туралы келіспеуге болмайды.

Шағын кәсіпкерлік халықаралық тәжірибе көрсеткендей ең алдымен капитал тезірек айналатын салаларда атап айтқанда саудада, қоғамдық тамақтандыру және қызметтер салаларында туады. Бірақ нарықтық экономиканы реформалау бойынша жүргізілген жеделдетілген экономикалық саясат бағаларды ырқына жіберуден және осымен байланысты өскелең инфляциямен басталды, бұл пайыз өсімінің күрт өсуінен және халықтың жинағының құнсыздануынан шағын бизнестің қаржы базасының жоюлығына әкелді, бұл өз кезегінде шағын бизнестің қалыптасуының және оның инвестициялық қызметінің заңсыз қалуына әкеліп соқтырды. Шағын

кәсіпкерлік көп қатарлы жинаулар мен салықтардың астында қалды. Осы уақытта қалыптасқан экономикалық жағдайда кәсіпкерлік қызметке ынта үзілді, онсыз рынок экономикасының қалыптасуы мүмкін емес.

Қазіргі уақытта шағын бизнестің рөлі нарықта өндірілген жаңа өнімдердің ортақ санында айтарлықтай мол.

Шағын және орта бизнестің болуы және де ірі компаниялардың (монополияның) мүдделеріне сай келеді. Қазір дайын өнімді жасау үшін мыңдаған әртүрлі деталдар қажет етіледі. Олардың өндірісіне концерндер мен келісім шарт жүйелерімен байланысқан көптеген шағын және орташа фирмалар маманданады. Электроника, автомобиль және басқа салалардың кейбір ірі монополияларында 20-30 мыңға дейін шағын компаниялар жұмыс істейді. Атап көрсету керек, шағын және орташа фирмалардың басым көпшілігі ірі компаниялармен келісім қатынастары арқасында жұмыс істейді.

Шағын және орташа бизнесің рөлі мына көрсетілген алты қызметтерден көрінеді:

Біріншіден, шағын өндіріс нарық конъюктурасының өзгерісін икемді сезінеді. Бұл нарық экономикасында ірі кәсіпорын алыптарға мүмкін емес.

Екіншіден, шағын бизнес әлі іске жаратылмаған әжептәуір қаржы – қаражаттарын тиімді жұмылдырады. Осындай бизнестің болмауынан осы ресурстар пайдаланылмаған болар еді.

Үшіншіден, шағын бизнес бәсеке күресін қалыптастыруда айтарлықтай үлес қосады, бұл кез келген мемлекеттің жоғары деңгейде монополия экономикасы жағдайында бірінші кезекте маңызды.

Төртіншіден, шағын бизнес халықты жұмыспен қамту мәселесін шешуде үлкен рөл атқарады. Өнеркәсібі дамыған елдерде оның үлесіне барлық жұмыспен қамтамасыз етілгендердің 50-60% -ті және жаңа жұмыс орындарының 70-80% - ті келеді.

Бесіншіден, атап көрсеткендей шағын өндірістің ғылыми-техникалық жаңалықтардың 50%-ті келеді (жеке компьютер, көбейткіш аппараттар, Полороид типті фотоаппараттар).

Алтыншыдан, шағын бизнестің әлеуметтік қысымды жұмсартуда орнын таптырмас рөлі бар.

Кәсіпкерліктің халықаралық тәжірибесі көрсеткендей, өтпелі экономикада мемлекетті ережеге сәйкес тек жаңа басталған сауда кәсіпкерлігі көтермеледі, бұл өндіріс сферасында қызметті тиімсіз қылды.

Шағын кәсіпорындар ғылыми техникалық жетістіктерді қабылдауға анағұрлым қабілетті, нарықтағы сұраныс өзгерісіне оңай бейімделеді. Сондай-ақ ірі кәсіпорындарға тауар жеткізу мен қызмет көрсету құқығы үшін өзара бәсекеге барады, мұның өзі оладың тұрақты табыстарда кепілдік береді. Шағын бизнес нарықта консалтингтік, брокерлік, маклерлік, делдалдық, жарнама, қолданбалы зерттеу жұмыстары бойынша қызмет көрсетумен қамтамасыз етіліп, белсенді рөл атқарады.

Шағын бизнес субъектілері кей кезде нақты тұтынушының тапсырысы бойынша тауар шығарады, кәсіпқой мамандарды даярлайды. Кейбір

мемлекеттерде тауар өндірісі, қызмет көрсету деңгейі бойынша шағын бизнес алдыңғы орында тұрады. Шағын бизнес субъектілерінің бірқатар кемшіліктеріне байланысты шағын кәсіпорындар сәтсіздікке ұшырауы мүмкін. Жұмыстың сәтсіз аяқталуының басты себептері:

- біліктіліктің төмен болуы;
- тәжірибенің жоқтығы;
- коммерцияда, қаржы мәселесін шешудегі тәжірибенің аздығы;
- бизнеске салқын қарау;
- кәсіпкер денсаулығының нашар болуы немесе ересі әдеп - қылықтары;
- алаяқтық;
- табиғи апаттар, өрт және т.б.

Сонымен бірге өндірістік және сауда кәсіпорындары дебиторлық қарызды өтеудегі қиындықтарды көрсетеді. Және де қазіргі уақытта шағын бизнес жүргізу үшін арнайы білім қажет. Кей кезде шағын бизнестің басшысы жақсы коммерсант болғанымен, өндірістік мәселелерде ешқандай тәжірибесі жоқ болады және керісінше жағдай болуы мүмкін.

Шағын бизнес - әдебиетте ұсақ және орташа жеке кәсіпкерлердің жиынтығы деп берілген, бірде-бір кәсіпкерлердің бірлестігіне тікелей енбеген және экономикада монополия тарапынан орындаушылық роль атқарады.

Шағын кәсіпорын - аздаған жұмыскерлер саны бар, кәсіпорынға арналған кәсіптік іс әрекетімен мемлекет, аймақ бойынша аз ғана тиесі бар кез-келген жеке меншік формасындағы заңды тұлға. Оның тиесі шығаратын және жүзеге асырылатын өнімінің құнымен анықталады. Ірі елдегі бір үлгілі кәсіптегі шағын кәсіпорындар саны ондаған, жүздеген мың боп келсе, бір ғана осындай кәсіпорынға жалпы өндіріс көлемінің аз ғана бөлігі тиеді, бірақ олар біріксе еліміздің барлық өнімінің жартысын шығаруға қабілетті болар еді.

Көлеміне қарай фирмаларды жіктеуде жұмыскерлер саны, сонымен қатар кәсіпорынның белгілі бір иесінің болуы есептеледі : бірақ басқа бір кәсіпорынның бөлігі болмауға тиіс. Тағы бір қосымша талап - бұл оның тәуелсіз кәсіпорын болуы. Капиталға келер болсақ, шағын кәсіпорындағы еңбек пен капитал арасындағы қатынас өзгермелілігі өте жоғары. Капиталдары қазіргі өндірісті жүзеге асыру өлшеміне жетпейтін болғандықтан капитализмді дамытуда шағын кәсіпорындар бірте-бірте жойылады деп есептеледі. Шағын фирмалар мен кәсіпорындарды ірі компаниялар жұтып қояды деп саналады. Дегенмен бүгінгі күнде шағын бизнес сферасы әлемдік экономикада кеңінен тараған.

Шағын бизнес дарынды, адал, жоғары дәрежелі тұлғаларға қолайлы. Шағын бизнес табиғаты белсенді адамдарға жеке пайдасын іс жүзіне асыруына және тәуелсіз болуына мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлер шағын бизнесті шығармашылықпен жұмыс істете отырып, кез келген экономикалық ыңғайлы жағдайда пайда түсіруге, инновациялар енгізуге тырысуда.

Көбінесе олар асығыс шешімдер қабылдауға еркін, олар өздерінің мойнына шығындар мен тәуекелді ала отырып жаңа технологиялар енгізе алады, жаңа өнім немесе қызметтің жаңа түрін жасай алады, ал ірі өндірушілер болса

компанияның нұсқауларымен және ережелерімен тығыз байланысты болғандықтан аз еркіндікке ие.

Қазақстанда шағын бизнесті дамыту үшін аз жұмыс жасалған жоқ. Дегенмен олар туралы айтпас бұрын шағын бизнес субъектілерінің өлшемдерін анықтап алу қажет.

Бүгінгі күнде елімізде шағын топтарға жататын кәсіпорындарға қатысты 50-ден астам статистикалық өлшемдер бар. Жалпы түрде оларды төмендегідей бөлуге болады :

а) Сапалық өлшемдер (басқару жүйесінің қарапайымдылығы, меншік иесі мен менеджер қызметін бір адамның атқаруы, нарықтың аздаған бөлігіне ие болу, және шағын кеңістіктегі қызмет сферасы, қызметтің қысқа да нұсқа мақсаты және т.б.)

б) Сандық өлшемдер (кәсіпорындағы жұмыс істеушілер саны, негізгі капиталдың құны, сатылған өнім көлемі және т.б.)

Кәсіпорынды шағын бизнеске жатқызатын критерийлер бір елден екінші елге ауысуда, сондай-ақ капиталдың бір сферадан басқаға ауысуында өзгереді.

Дегенмен де, көптеген елдердің тәжірибесінде көбінесе сандық өлшемдер қолданылады .

Қазақстан Республикасында нарықтық экономиканың құрылуы кезінде мемлекеттік меншіктің көптеген бөлігі жеке меншікке акционерлік қоғам түрінде, ұжымдық меншік түрінде, ұжымдық меншікке, серіктестіктер мен басқа да шаруашылық формаларына айналды. Өндірілетін және жүзеге асырылатын өнімдер түрі өте көп және тұтыну нарығының сұранысына сай.

Нарықтық экономика тауарлық және тұтыну нарығына кең жол ашты. Кәсіпкерлік қызмет көптеген мекемелермен, ұйымдармен жүзеге асырылды.

Көрсетілетін қызмет түрлері халықтық тұтыну тауарларының тізімен, тамақ өнімдері мен өндірістік – техникалық өнімдерден кем болған жоқ.

Еліміздің экономикасын реформалау үрдісінде шағын бизнес шешуші рольге ие болды. Шағын кәсіпкерліктің құрылуы мен дамуы өнеркәсіптік сектордың ұсақталуымен біріге отырып «Қазақстан - 2030» Стратегиясының негізін құрады.

Шағын бизнестің дамуы тиімді аралас экономиканы қалыптастырудағы жалпы әлемдік тенденцияларға, бәсекелестік нарықтық механизм мен ірі, ұсақ және орташа өндірістің мемлекеттік реттеудің күрделі жинақталуы жүзеге асырылатын жеке меншіктің әр түрлі формалары, оларға тән шаруашылық модельдерін қалыптастырудағы тенденцияларға жауап береді. Шағын кәсіпкерлік секторы – экономикалық өсу қарқынын анықтаушы тұрғындарды еңбекпен қамтамасыз ету жағдайын, ұлттық өнімнің құрылымы мен сапасын анықтайтын жетекші секторлардың бірі.

Қазақстан Республикасында шағын бизнестің рөлі қарқындап өсуде. Кәсіпкерлік бүгінгі экономиканың төмендегі маңызды мәселерді шешуге мүмкіндік береді:

а) жергілікті шикізат көздерін пайдалана отырып көптеген тұтыну тауарлары мен қызметтерінің өндірісін аса көп капитал малымдарын салмай ақ кеңейту ;

б) ірі кәсіпорындардан босаған жұмыс күшінің еңбекке орналасуы үшін жағдайлар жасау;

в) ғылыми- техникалық үрдісті жеделдету;

г) қылмыстық бизнеске позитивті альтернатива құру.

Шағын бизнес шаруашылықтың біркелкі құрылымының және оның нақты бір аймақтық дамуының ерекшеліктерін ескере отырып қаржыландыруды қалыптастырудың негізіне, базасына айналуы тиіс. Сондықтан шағын бизнесті де қолдау аймақтық деңгейде жүзеге асырылуы тиіс.

Оны бір орталықтан реттеу тек приоритетті бағыттар бойынша немесе кешенді халық шаруашылығы болған жағдайда ғана мүмкін.

Республикамызда тиімді нарықтық экономика құру үшін шағын кәсіпкерліктің маңызы оның бәсекелестік ортаның дамуын қамтамасыз ететін құрылым жасаушылық факторында: базарды тауарлар мен қызметтерге толтыру ; халықтың қол өнерін қайта жаңғырту ; тұтастай мемлекеттің және жергілікті өкімет органдарының экономикалық базасын күшейтуде; ауылдарды, шағын және орташа қалаларды дамытуда.

Шағын бизнестің дамуы Қазақстандағы экономикалық түрлеудің ең маңызды бағыттарының бірі болып келеді. Оның одан әрі дамуының тұжырымдамасы ортақ нарықтық алғышарттарды – нарықтық инфроқұрылымды, дәлелдік механизмді, және мемлекеттің арнайы қолдау жүйесін жасауды қарастырады. Тұжырымдаманың осы екі буыны кешенді түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

Тап сол себептен шағын және орта кәсіпкерлік ортаны жан-жақты қолдау Республикалық та, аймақтық та деңгейде жүзеге асырылатын, мемлекеттік саясаттың жүрізуші мақсаттарының қатарына кіруі тиіс.

Егер басқа (негізгі) шаруашылық қоғам немесе серіктестік оның жарғылық қорына қатысу күші бар немесе осы қоғам қабылдайтын шешімдерді анықтау мүмкіндігі болса еншілес қоғам деп танылады.

Еншілес қоғам негізгі қоғамның (серіктестіктің) қарыздары бойынша жауап бермейді. Негізгі қоғам (серіктестік) еншілес қоғамдар жасаған келісімдерге еншілес қоғамдармен бірге жауап береді.

Тәуелді шаруашылық қоғамның экономикалық мәртебесі өзгешелеу шаруашылық қоғам, егер басым немесе қатысушы қоғамда АҚ дауыс беретін акцияларының 20 % көбі немесе жарғылы қоры 20% болса жауапкершілігі шектелген қоғам тәуелді шаруашылық қызмет боп саналады.

Кәсіпкерлік кәсіпорынның біршама өзгешелеу ұйымдастыру - құқықтық нысаны өндірістік кооператив болып табылады.

Өндірістік кооператив немесе артель - олардың жеке еңбегіне немесе басқа қатысуына негізделген, өндірістік немесе басқа шаруашылық қызметті бірге жүргізу үшін азаматтардың еркін бірігуі.

Өндірістік кооперативте оның мүшелерінің мүлкілік пайлық журналдары біріктіріледі. Мұндай кооперативтің қызмет сферасы өндірістен басқа, өнеркәсіп, ауыл шаруашылық және басқа өнімдерді өңдеу, сату, жұмыстарды орындау, сауда, тұрмыстық қызмет, басқа қызметтерді көрсету.

Өндірістік кооперативтің құрылтайшылық құжаты оның мүшелерінің жалпы жиналысы бекіткен жарғы. Өндірістік кооперативтің маңызды ерекшелігі, ол акция шығаруға құқығы жоқ, сонымен қатар кооперативтің әрбір мүшесінің жалпы жиналыстың шешім қабылдауында бір дауысы болады.

Кәсіпкерлік (коммерциялық) кәсіпорынның ұйымдастыру құқықтық нысанының ортасындағы негізгі орында мемлекеттік және муниципальды унитарлық кәсіпорындар тұрады.

Унитарлық кәсіпорын дегеніміз меншік иесінің өзіне бекітілген мүлікте меншіктік құқығы жоқ коммерциялық ұйым.

Унитарлық кәсіпорын мүлігі бөлінбейді және кәсіпорын қызметкерлері немесе басқа тұлғалар арасында үлестерге бөлінуі мүмкін емес.

Унитарлық кәсіпорын нысанында тек мемлекеттік және муниципальды кәсіпорындар құрылуы мүмкін. Мемлекеттік және муниципальды унитарлық кәсіпорын мүлігі сәйкес мемлекеттің немесе муниципальды меншігінде болады.

Ол шаруашылық жүргізу немесе оперативті басқару құқығы бар кәсіпорынға жатады.

Оперативті басқару құқығы негізіндегі унитарлық кәсіпорын федеральдық қазыналық кәсіпорын деп аталады.

2. ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ШАҒЫН КӘСІПкерлік СФЕРАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

2.1 Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы және одан әрі дамуы

Қазақстан Республикасында шағын бизнестің рөлі қарқындап өсуде. Кәсіпкерлік бүгінгі экономиканың төмендегі маңызды мәселерді шешуге мүмкіндік береді:

- жергілікті шикізат көздерін пайдалана отырып көптеген тұтыну тауарлары мен қызметтерінің өндірісін аса көп капитал малымдарын салмай ақ кеңейту;

- ірі кәсіпорындардан босаған жұмыс күшінің еңбекке орналасуы үшін жағдайлар жасау;

- ғылыми- техникалық үрдісті жеделдету;

- қылмыстық бизнеске позитивті альтернатива құру.

Шағын кәсіпорындардың 38%-дан астамы 1994-1995 жж шағын жекешелендіру кезінде пайда болды. Дәл осы жылдары, инфляцияның төмендеуімен сипатталған, макроэкономикалық тұрақтылыққа беталыс жоспарланды. Сонымен қатар, мемлекеттік секторда халықтың белгілі мөлшері босатылады, ақырында оның бір бөлігі шағын кәсіпкерлік ортасына өтті.

Шағын кәсіпкерліктің дамуына, бюджет тапшылығымен, жеке кәсіпорындардың төлеуге мүмкіндігі жоқтығымен, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуімен, оның төлеу мүмкіндік сұранысының қысқартылуымен және т.б. сипатталатын, экономиканың жалпы дағдарыстық жағдайы теріс әсер етеді.


Алдында атап көрсетілгендей, ресми статистикалық мәліметтер мемлекеттік емес сектордың қалыптасу көлемін толық көрсетпейді. Дәлірек айтқанда, дербес еңбек қызметінің потенциалы бағаланбаған деуге болады, өйткені әмбебап әлі нарықтарда көше саудасы мәдениетті түрлерге келтірілмеген, патентсіз өндірістік, кеңестік, репетиторлық, аудармашылық және басқа да халыққа қызмет көрсетулер бойынша қызметтері бақыланбайды. Бұл қызметтердің барлық түрлеріне көбінесе салық салынбайды және олар экономиканың жасырынды секторында қызмет етеді.

Бүгінгі күні шағын бизнесті құру және оны одан әрі дамыту Қазақстан Республикасының басты мәселелерінің бірі болып отыр. Осыған байланысты шағын кәсіпкерліктің қазіргі жағдайын анықтау қажеттілігі туындауда.

Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлікті талдау үшін ең алдымен республикадағы жалпы кәсіпорындардың арасында шағын кәсіпкерліктің алатын орының, яғни үлес салмағын анықтап алған жөн.

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерліктің үлес салмағын 2.1 суреттен көре аламыз.

Шағын кәсіпкерлік Республикамыздың әрбір аймағында әр түрлі көрсеткіштерге ие, дегенмен Республика бойынша бұл көрсеткіш жылдан-жылған нәтижелі болып келеді. Дегенмен бұл әлі де болса аздық етеді, себебі экономикасы дамыған шетел мемлекеттерінде әрбір 1000 адамға 1 шағын кәсіпкерліктен келетін болса, бұл бізде әрбір 10000 адамға 1 кәсіпкерліктен келетіні байқалған. Біз де экономикасы дамыған алдыңғы елу елдің қатарына енуіміз үшін осы мәселеге мән бергеніміз жөн.



Сурет 2.1-
Қазақстан

Республикасында шағын кәсіпкерліктің үлес салмағы
Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

Шағын кәсіпкерліктің даму барысын талдау үшін ондағы негізгі көрсеткіштерге, яғни шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санына, шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар санына, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің барлығымен шығарылған өнім көлеміне талдау жасау қажет.

Қазақстан Республикасы бойынша 2010-2011 жылдар аралығындағы шағын кәсіпкерліктің жалпы көрсеткіштерінің талдауы 1 - кестеде көрсетілген.

Кесте 1.1 - 2010-2011 жылдар аралығындағы ҚР-сы бойынша шағын бизнестің даму жағдайы

Көрсеткіштер	2008ж	2009ж	2010ж	Ауытқу
Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны, соның ішінде:	703 802	659214	619657	-39557
- заңды тұлғалар;	58 480	60601	66260	7780
- жеке кәсіпкер;	475 841	428420	383278	-45142
- шаруа қожалығы	169 481	170193	170119	-74
Шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны, соның ішінде:	1 755 353	1891506	1721725	-169781

1 кестенің жалғасы

Көрсеткіштер	2008ж	2009ж	2010ж	
- заңды тұлғалар;	464 622	551308	552070	762
- жеке кәсіпкер;	828 963	874356	728682	145674
- шаруа қожалығы	461 768	465842	440973	-24869
Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің барлығымен шығарылған өнім, (мың тг.) соның ішінде:	1 905 467	2043916	2053988	10072
- заңды тұлғалар;	1 152 071	1270715	1377982	107267
- жеке кәсіпкер;	437 313	371192	346771	-24421
- шаруа қожалығы	316 083	402009	329235	-72774

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша


Кесте мәліметіне сүйенер болсақ, жалпы шағын кәсіпкерлік саны 659214-ті құраған, ал ол көрсеткіш 2010 жылы 619657-ні құрады, яғни шағын кәсіпкерлік саны 2009 жылмен салыстырғанда 6,1 пайызға қысқарған, соның ішінде заңды тұлғалар 3 пайызға артып, жеке кәсіпкерлер 4,5 пайызға кеміген және шаруа қожалықтары да 0,1 пайызға кеміген.

2009 жылы шағын кәсіпкерлікте жалпы жұмыспен қамтылғандар саны 1891506 адам болса, 2010 жылы барлығы 2145243 адамды құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар 13,4 пайызға артқандығын көрсетеді, соның ішінде заңды тұлғаларда жұмыспен қамтылғандар 0,2 пайызға артқан және жеке кәсіпкерліктерде 16,7 пайызға азайғандығын, ал шаруа қожалықтарында жұмыспен қамтылғандар саны 5,4 пайызға кемігендігін көреміз.

2009 жылы шағын кәсіпкерлікпен шығырылған барлық өнім көлемі 2043916 млн. теңгені құрады, ал бұл 2010 жылы 2053988 млн. теңгеге жетті, яғни шағын кәсіпкерлікпен шығырылған барлық өнім көлемі 0,5 пайызға артқан, соның ішінде заңды тұлғалар шығарған өнім көлемі 8,4 пайызға арқан, жеке кәсіпкерлер шығырған өнім көлемі 6,6 пайызға кеміді, сондай-ақ шаруа қожалықтарымен шығарылған өнім көлемі 18,1 пайызға кеміді.

Жалпы бұл кесте бойынша мынандай қорытынды жасауға болады; жұмыс істеп тұрған шағын кәсіпкерлік саны артуда және сол шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтамасыз етілген адамдар саны да артуда, бірақ шағын кәсіпкерлікпен шығарылатын өнім көлемі аздап төмендегенін көреміз, бұл халықтың әлеуметтік жағдайының аздап төмендеуімен байланысты болса керек.

Осы кесте бойынша жалпы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жылдар бойынша даму қарқынын 2.2 суреттен көре аламыз.



Сурет 2.2 - 2009-2011 жылдар аралығындағы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің даму қарқыны

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

Бұдан әрі нақты Қазақстан Республикасының облыстары бойынша 2011 жылы тіркелген шағын кәсіпкерлік субъектілеріне салыстырмалы түрде талдау жүргіземіз.

Салыстырмалы талдау арқылы Республиканың қай аймақтарында шағын кәсіпкерлік секторы жақсы дамығандығын көре аламыз, сонымен қатар дамуы немесе дамымай артта қалу себептерін анықтап, нақты шаралар қолдануға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы бойынша 2011 жылыдың 1 қаңтарына тіркелген шағын кәсіпкерлік санын 2.2 кестеден көре аламыз.

Кесте 2.2 - ҚР бойынша 2011 жылыдың 1 қаңтарына тіркелген шағын кәсіпкерлік саны

	Барлығы	соның ішінде		
		заңды тұлғалардың	жеке кәсіпкерлердің	шаруа (фермерлік) қожалықтарының
Қазақстан Республикасы	1 188 735	208 385	793 514	186 836
Ақмола	49 124	6 197	38 347	4 580
Ақтөбе	41 846	8 324	29 000	4 522
Алматы	130 969	9 989	72 210	48 770
Атырау	44 204	6 393	35 918	1 893
Батыс Қазақстан	34 802	4 272	26 378	4 152
Жамбыл	53 499	5 090	32 113	16 296
Қарағанды	76 299	14 092	55 434	6 773
Қостанай	62 980	7 112	49 550	6 318
Қызылорда	32 021	4 171	25 550	2 300
Маңғыстау	38 286	7 084	29 826	1 376
Оңтүстік Қазақстан	198 454	19 164	111 003	68 287
Павлодар	46 875	8 143	34 943	3 789
Солтүстік Қазақстан	32 365	4 551	24 511	3 303
Шығыс Қазақстан	103 291	12 041	76 850	14 400

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша


Қазақстан Республикасы бойынша 2011 жылыдың 1 қаңтарына тіркелген шағын кәсіпкерлік санының барлығы 1 188 735 – ті құрады, соның ішінде заңды тұлғалар 208385-ті, жеке кәсіпкерлер 793514-ті, ал шару қожалықтары 793514-ті құраған.

Кесте мәліметтеріне сүйенер болсақ Республика бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілердің саны бойынша алдыңғы орында Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғандығын байқаймыз 198 454 шағын кәсіпкерлік субъектілері тіркеуге алынған, одан кейінгі орында Алматы облысы 130 969 шағын кәсіпкерлік субъектілері тіркеуге алынған, одан соң Шығыс Қазақстан облысы 103 291 шағын кәсіпкерлік субъектілері тіркеуге алынған.

Ал тіркеуге алынған шағын кәсіпкерлік субъектілері санының ең азы Қызылорда облсында байқалады 32021 шағын кәсіпкерлік.

Павлодар облысы бойынша 2011 жылыдың 1 қаңтарына тіркелген шағын кәсіпкерлік саны 46 875-ті құраған, соның ішінде заңды тұлғалар 8143-ті, жеке кәсіпкерлер 34943-ті, ал шаруа қожалықтары 3789-ды құрап отыр.

Бұл көрсеткіштерді салыстырмалы түрде көру үшін 2.3 суретке қарайық.



Сурет 2.3 - ҚР облыстары бойынша тіркелген шағын кәсіпкерліктің үлес салмағы

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

Бұл суретке назар аударар болсақ, еліміздегі облыстардың 2011 жылы тіркелген шағын кәсіпкерлік субъектілері бойынша үлес салмағын көре аламыз. Осы арқылы еліміздің қай аймағында шағын кәсіпкерлік субъектілері дамып келе жатқандығын және қай аймақтар бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілері тоқырап тұрғандығын байқаймыз. Осы көрсеткіштер бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілерінің салыстырмалы талдауын жүргізуге болады.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту мақсаттарының бірі – ол халықты жұмыспен қамтамасыз ету, жұмыссыздықты жою болып табылады.

Шағын кәсіпкерлік сектордың артықшылықтарының бірі халықты жұмыспен қамту екендігі анық.

Жұмыссыздың ел экономикасының дамуына кері ықпалын тигізетін бірден-бір фактор болып келеді. Жұмыссыздықты жою, халықты жұмыспен қамтамасыз ету үшін шағын кәсіпкерлік секторының дамуына ықпал ету керек.

Шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар санының жыл сайын артуы еліміздің экономикасының артып келе жатқандығының бірден-бір дәлелі болса керек.

Қазақстан Республикасы бойынша 2010-2011 жылдардағы шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандарды талдау үшін 2.3 суретке назар аударамыз.

Кесте 2.3 - ҚР бойынша 2008-2010 жылдардағы шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандарды талдау

	2008	2009	ауытқу	2010	ауытқу
ҚР	1 755 353	1 891 506	136153	2 145 243	253737
Ақмола	75 371	82 087	6716	99 078	21128
Ақтөбе	60 826	63 494	2668	84 622	21128
Алматы	212 778	227 860	15082	255 454	27594
Атырау	66 685	65 242	-1443	61 412	-3830
Батыс Қазақстан	60 190	72 977	12787	70 861	-2116
Жамбыл	124 358	118 262	-6096	116 697	-1565
Қарағанды	121 085	139 501	18416	167 838	28337
Қостанай	98 427	105 481	7054	124 922	19441
Қызылорда	40 696	44 169	3473	53 920	9751
Маңғыстау	37 188	43 624	6436	61 727	18103
Оңтүстік Қазақстан	241 134	248 478	7344	286 309	37831
Павлодар	79 892	92 041	12149	87 472	-4614
Солтүстік Қазақстан	54 424	66 790	12366	90 898	24108
Шығыс Қазақстан	168 112	186 039	17927	199 080	13041

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша


Кесте мәліметтеріне сүйенер болсақ, Қазақстан Республикасы бойынша шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны 2008 жылы **1 755 353** адамды құраған, ал 2009 жылы бұл көрсеткіш 136153 адамға артып **1 891 506** адамды құраған.

Жалпы шағын кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандарды салыстырмалы түрде талдар болсақ, 2009 жылы шағын кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандардың ең көп мөлшері Оңтүстік Қазақстан облысында байқалып отыр және ол 248 478 адамды құраған, одан соң Алматы облысында байқалып отыр және ол 227 860 адамды құраған, үшінші орында Шығыс Қазақстан облысы тұр онда шағын кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандар саны 186 039 адамға жеткен.

2010 жылы шағын кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандар көрсеткіші бойынша да Оңтүстік Қазақстан облысы көш бастап отыр онда шағын кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандар саны **2 145 243** адамды құраған, өткен жылмен салыстырғанда 4,1 пайызға артқан. Одан кейінгі орында Алматы қаласы онда өткен жылмен салыстырғанда шағын кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандар 7,9 пайызға артқан, үшінші орында Шығыс Қазақстан облысы тұр онда шағын кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандар 19,9 пайызға артқан. Шағын кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандар сыны бойынша Павлодар облсы 8 орында.

2008-2010 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлік саласында, соның ішінде заңды тұлғаларда, жеке кәсіпкерлерде,

шаруа қожалықтарында жұмыспен қамтылғандардың даму қарқыны 2.4 суретте көрсетілген.



Сурет 2.4- 2008-2010 жылдар аралығында шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандардың даму қарқыны
Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

Бұл суреттен шағын кәсіпкерлік саласында, соның ішінде заңды тұлғаларда, жеке кәсіпкерлерде, шаруа қожалықтарында жұмыспен қамтылғандардың дамуы көрсетілген. Жалпы жұмыспен қамтылу деңгейі бойынша салыстар болсақ жеке кәсіпкерліктерде жұмыспен қамтылғандардың саны басым екендігін байқаймыз.

Осыған баланысты айта кетер болсақ, жеке кәсіпкерлер – жеке тұлғалардың табыс алуға бағытталған, олардың өз меншігіне негізделген және жеке тұлғалардың атынан, олардың тәуекелімен және олардың мүлдіктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі.

Келесі кезекте шағын кәсіпкерлік субъектілерімен шағаратын өнім көлеміне талдау жасаймыз.

Шығарған өнімдер барлық шығарылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өндірушінің бағасымен көрсетілетін құны.

Қазақстанда кәсіпкер-шаруалардың, ауыл шаруашылық өнім өндірушілердің қалыптасу процесі жүріп жатыр. Ауыл шаруашылығында 52,5 мың шаруашылық субъектілер саналады. 84%- дан астам ауыл шаруашылық өнімнің тауар өндірушілері немесе 44,3 мың бірлік – шаруашылық (фермерлік) қожалықтар.

Өнімді өткізуден түскен табыс шағын кәсіпкерлік субъектілерінің басты табыс көзі болғандықтан, өнім көлемін және оның ассортиментін ұлғайту және оны жетілдіру шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін басты саясаттардың бірі болып табылады.

2.4 кестеде шағын кәсіпкерлік субъектілерімен 2010-2011 жылдарда шығарылатын өнім көлеміне толық талдау жасалып, артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды.

Кесте 2.4 - 2010-2011 1 сәуіріне Республика бойынша шығарылған өнім көлемі

	2009ж				Барлығы	2010ж			айтқу барлығы
	Барлығы	заңды тұлғалардың	жеке кәсіпкерлер	шаруа қожалықтары		заңды тұлғалардың	жеке кәсіпкерлер	шаруа қожалықтары	
ҚР	2 043,9	1 270,7	371,2	402,1	5 278,9	1 377,8	396,7	329,3	3225
Ақмола	178,5	35,5	16,9	26,1	170,5	44,8	17,2	9,3	8,0
Ақтөбе	170,6	35,6	15,6	19,4	202,7	41,1	16,0	14,3	32,1
Алматы	186,1	73,3	31,2	81,6	340,8	83,7	28,2	71,3	154,7
Атырау	277,5	52,6	20,9	3,8	325,9	68,4	20,1	3,4	48,8
Батыс Қазақстан	100,1	69,5	18,3	12,4	392,1	62,8	20,3	10,6	292,1
Жамбыл	86,1	52,4	8,4	25,4	115,5	46,6	11,8	23,9	29,4
Қарағанды	129,9	75,5	25,9	28,5	237,1	77,5	26,8	22,7	107,2
Қостанай	116,2	50,5	20,7	44,8	221,3	52,6	22,1	32,5	105,1
Қызылорда	58,8	43,9	8,8	6,1	136,2	50,3	9,2	6,8	77,4
Маңғыстау	182,2	63,4	17,7	1,1	202,9	68,1	17,1	1,2	20,7
Оңтүстік Қазақстан	121,3	60,6	16,1	44,7	275,5	60,9	16,9	58,7	154,2
Павлодар	100,8	53,6	18,4	28,8	155,6	58,2	19,9	16,8	54,8
Солтүстік Қазақстан	78,3	29,2	17,1	31,9	154,8	36,6	16,6	22,7	78,3
Шығыс Қазақстан	142,7	58,4	37,2	47,2	245,8	63,4	34,8	34,8	103,1


Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

2010 жылғы қаңтар-қарашада шағын және орта кәсіпкерліктегі субъектілердің өнім шығарылымы 5279,0 млрд. теңгені құрады.

Кесте мәліметтеріне сүйене отырып жалпы еліміздің облыстарының шағын кәсіпкерліктегі субъектілердің өнім шығарылымы бойынша рейтингін анықтар болсақ. Өнім шығарылымы бойынша бірінші орында Батыс қазақстан облысы тұр, онда 2011 жылдың 1 сәуіріне 258830млн. теңге көлемінде өнім өндірілген және өткен 2010 жылмен салыстырғанда 34 пайызға кемігендігін байқаймыз. Шағын кәсіпкерліктегі субъектілердің өнім шығарылымы бойынша екпесі орындарды Алматы, Атырау, Оңтүстік Қазақстан облыстары иеленеді.

Павлодар облысы шағын кәсіпкерліктегі субъектілердің өнім шығарылымы бойынша өте аз көрсеткіш байқатуда, ол әліде болса Павлодар облсындағы шағын кәсіпкерлік субъектілерді дамыту керектігін айқындайды.

Қазақстан Республикасы бойынша 2007-2010 жылдар арлығындағы шағын кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім қарқыны 2.5 суретте көрсетілген.



Сурет 2.5 - 2007-2010 жылдар арлығындағы шағын кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім қарқыны

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

2.5 суреттегі 2007-2010 жылдар арлығындағы шағын кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім қарқынын қарастыру үшін заңды тұлғалармен өндірілген өнім, жеке кәсіпкерлермен өндірілген өнім және шаруа қожалықтарымен өндірілген өнімнің даму қарқыны қарастырылған.

2.2 Облыстағы шағын бизнес сферасының қазіргі жағдайын талдау

Облысы дамуының негізгі көрсеткіші болып шағын кәсіпкерлік табылады, оның жалпы аймақтық өнімдегі негізгі үлесі 15,5 пайызды құрайды.

Шағын кәсіпкерлік сферасын сипаттайтын экономикалық көрсеткіштер бұл сектордың дамуының тұрақтылығын көрсетеді. Өз кезегінде бұл сектордың дамуы халықты жұмыспен қамтудағы, әлеуметтік теңділік қалыптастырудағы негізгі факторлардың бірі болып саналады.

Соңғы төрт жылы бойынша (2008-2011жж) Павлодар облысының шағын кәсіпкерлігінің дамуын талдау барлық көрсеткіштері бойынша талдау барысы 2.5 кестеде көрсетілген.

Кесте 2.5 - 2008-2011 жылдар аралығындағы Павлодар облысындағы шағын кәсіпкерліктің даму көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2008 ж	2009ж	Ауытқу	2010ж	Ауытқу
Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны, соның ішінде:	28600	23997	83,9	22405	93,4
- заңды тұлғалар;	2239	2418	107,9	2532	104,7
- жеке кәсіпкер;	23528	18723	79,6	16684	89,1
- шаруа қожалығы	2833	2856	100,8	2856	100
Шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны, соның ішінде:					
- заңды тұлғалар;	79892	92041	115,2	87472	95,1
- жеке кәсіпкер;	24367	29384	120,5	22485	76,5
- шаруа қожалығы	47555	54385	114,4	40725	74,8
	7970	8272	103,7	7394	89,4
Салықтар мен түсімдердің түсуі (млн. теңге)	17,2	17,9	104,6	16,2	90,5
Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің барлығымен шығарылған өнім, (мың тг.) соның ішінде:	82821	100867	121,8	155616	154,3
- заңды тұлғалар;	40677	53592	131,7	58216	108,6
- жеке кәсіпкер;	29038	18389	63,3	19952	108,5
- шаруа қожалығы	13106	28885	220,4	16831	58,3
Екінші денгейлі банктермен берілген несиелер сомасы млрд. теңге	54,1	29,6	42,2	44,1	148,9

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

Кесте мәліметтеріне сүйенер болсақ, шағын кәсіпкерлік субъектілері саны жағынан Павлодар облысы бойынша 2008 жылымен салыстырғанда 2009 жылы шағын кәсіпкерлік саны 16,1 пайызға қысқарғандығын байқаймыз, соның ішінде заңды тұлғалар 7,9 пайызға артқан, жеке кәсіпкерлер 21 пайыз кеміген,

ал шаруа қожалықтары болса 0,8 пайызға артқан. Ал 2009 жылдан қарағанда 2010 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 22405-ті құрап, 16,1 пайызға қысқарған, соның ішінде заңды тұлғалар 4,7 пайызға артып, жеке кәсіпкерлер 10,1 пайызға кеміген және шаруа қожалықтары өзгеріссіз қалғанын байқаймыз.

Шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандарды талдар болсақ 2009 жылы оның жалпы саны 92041-ді құраған, ол өткен 2008 жылмен салыстырғанда 15,2 пайызға артты және заңды тұлғалар 20,5 пайызға, жеке кәсіпкерлер 14,4 пайызға, ал шаруа қожалықтары 3,7 пайызға артқаны байқалды.

2010 жылы 2009 жылмен салыстырғанда жалпы сомада 87472 адам болса, ол өткен жылмен салыстырғанда 4,9 пайызға қысқарған, соның ішінде соның ішінде заңды тұлғаларда жұмыспен қамтылғандар 23,4 пайызға кеміп, жеке кәсіпкерлерде жұмыспен қамтылғандар 24,2 пайызға кеміген және шаруа қожалықтарында жұмыспен қамтылғандар саны 10,6 пайызға қысқарған.

2011 жылдың 1 сәуіріне нарықта белсенді жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2010 жылдың сәйкес датасымен салыстырғанда 3,5%-ға ұлғайды және 25,3 мың бірлікті құрады. Оның ішінде 2,9 мың – заңды тұлға, Шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандардың саны 0,2%-ға ұлғайды және 96,6 мың адамға жетті.

2011 жылдың қаңтар – наурызында шағын және орта кәсіпкерліктің белсенді субъектілерімен өнім (тауар және қызмет) шығару 2010 жылдың қаңтар – наурызымен салыстырғанда (тұрақты бағада) 2,2%-ға ұлғайды және 56 млрд. теңгені құрады.

Салықтар мен түсімдерді талдар болсақ, салық көлемі жылдан-жылға азайып келе жатқандығы байқалуда, себебі Қазақстан Республикасының салық Кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізілуіне сәйкес, салық заңнамасы бойынша, шағын кәсіпкерлерді дамыту мақсатында мөлшерлемелер қысқартылған, яни пайыздық үстемелер шегертілген.

Мәселен 2009 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілерінен 17,9 млн теңге көлемінде салық ұсталынса, ал 2010 жылы бұл көрсеткіш 16,2 млн. теңге болып, 9,5 пайызға кеміген, ал 2011 жылы бұл көрсеткіш 5,8 пайызға қысқарған, әрине бұл шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекет тарапынан жасалып отырған үлкен көмек екендігі белгілі.

Республиканың өнім (тауар және қызмет) шығарудағы облыстың үлес салмағы 3,3%-ды құрады.


Шағын және орта кәсіпкерліктің заңды тұлғаларымен 49,2 млрд. теңге, жеке кәсіпкерлермен – 5,5 млрд. теңге, шаруа қожалықтарымен 1,3 млрд. теңге сомасында өнім өндірілді.

19,1 мың – жеке кәсіпкер, 3,2 мың – шаруа қожалығы.

2.5- кестедегі мәліметтерге сүйенер болсақ, екінші деңгейлі банктермен берілген несиелер сомасы да жылдан жылға ақырындап артуда, бұл әрине шағын кәсіпкерлікті қолдау барысындағы таптырмас мүмкіндік. Мәселен соңғы 2009 жылы екінші деңгейлі банктермен берілген несиелер сомасы 29,6 миллиард теңге болса, 2010 жылы екінші деңгейлі банктермен берілген несиелер

сомасы 44,1 миллиард теңгені құраған, ал ол 2011 жылдың сәуірінде 1,8 2010 жылмен салыстырғанда пайызға артқан.

Павлодар облысындағы шағын кәсіпкерліктің даму қарқынын диаграмма түрінде қарастыралық. Бұл өз кезегінде шағын кәсіпкерліктің қандай көрсеткіштері басымдылық танытып тұрғандағын көрсететін бірден-бір жол (2.6 суреттен қара).



Сурет 2.6 -

Павлодар

облысындағы шағын кәсіпкерліктің даму қарқыны
Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша


2010 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 10,8 пайызға қысқарған.

2010 жылы шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны да, өткен 2009 жылмен салыстарғанда 112,4 пайызға қысқарған, ал 2008 жылығы деңгеймен салыстырғанда 2009 жылы шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны көбейген болатын.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерімен шығарылған өнім көлемін талдау барысы 2009 жылы Павлодар облысы бойынша 100896 миллион теңге көлемінде өнім шығарылған, қызмет көрсетілген, яғни ол өткен 2008 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге көбейген.

Жалпы республика бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім көлемін салыстыра отырып мынаны атап айтуға болады, 2010 жылы өндіріс көлемінің қарқыны бәсеңдегенін және ол 2009 жылмен салыстырғанда 101,8 пайызды құрағанын, ал 2009 жылы 2008 жылмен салыстырғанда 135,8 пайызға көбейгендігін айтуға болады.

Қазақстан Республикасы бойынша өнім өндіру мен қызмет көрсету бойынша алдыңғы орында Алматы, Астана тұр. Ал Павлодар облысы жалпы ретингте жетінші орынды иеленген. (2.7 суреттен қара).



Сурет 2.7 - Қазақстан Республикасы мен Павлодар облысы бойынша шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарымен өнім шығару қарқыны
Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің көбі Павлодар облысының келесі қалаларында байқалады: Павлодар қаласында (2349 бірлік), Екібастұз (721 бірлік) және Ақсу қаласында (128 бірлік).

2006-2010 жылдар аралығындағы Павлодар облысының қалалар мен аудандары бойынша шағын кәсіпорындар санын және олардың жылдар бойы дамуын талдаймыз, кесте 2.6.


Кесте 2.6 - Павлодар облысының қалалар мен аудандары бойынша шағын кәсіпорындар саны

Павлодар облысының қалалары мен аудандары	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2010ж - 2009ж өзгеріс
Павлодар қаласы	2131	2341	2837	2349	2239	110
Ақсу қаласы	98	124	104	128	121	7
Екібастұз қаласы	784	718	1037	721	692	29
Ақтоғай ауданы	31	58	17	32	30	2
Баянауыл ауданы	62	108	107	73	69	4
Железинка ауданы	47	74	72	44	42	2
Ертіс ауданы	55	64	69	74	69	5

Қашыр ауданы	38	33	62	35	30	5
Аққу ауданы	28	52	30	9	12	3
Май ауданы	21	26	35	38	29	1
Павлодар ауданы	73	41	99	35	36	1
Успенка ауданы	33	32	46	45	40	5
Шарбақты ауданы	52	78	89	71	70	1

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, қаржылық дағдарыстың белсенді әсер етуіне қарамастан, 2008 жылға қарағанда шағын кәсіпорындар санының өсуі Ақсу қаласы бойынша (24 бірлікке дейін), Ақтоғай ауданы бойынша (15 бірлікке дейін), Ертіс ауданы бойынша (5 бірлікке дейін) және Май ауданы бойынша (3 бірлікке дейін) байқалады.

Кестедегі Павлодар облысының қалалар мен аудандары бойынша шағын кәсіпорындар санына тоқталар болсақ олар 2009 жылмен салыстырғанда 2010 жылы барлық аудандар бойынша қысқарғандығын көреміз.



Сурет 2.8 - Павлодар облысының қалалары мен аудандары арасындағы шағын кәсіпкерліктің өсу қарқыны

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

Қалған аймақтар бойынша төмендеу тенденциясы байқалады. 2007 жылға қарағанда шағын кәсіпорындар санының күрт төмендеуі 2008 жылы Павлодар қаласы бойынша (488 бірлікке дейін), Екібастұз қаласы бойынша (316 бірлікке дейін), Баянауыл ауданы бойынша (34 бірлікке дейін), Қашыр ауданы бойынша (27 бірлікке дейін), Аққу ауданы бойынша (21 бірлікке дейін), Павлодар ауданы бойынша (64 бірлікке дейін) байқалады (2.2 кесте).

2006 жылмен салыстырғанда мемлекеттік шағын кәсіпорындар саны 2009 жылы 113 бірлікке дейін өсті және 132 бірлікті құрды, негізінде, бұл

коммуналды қызметтермен айналысатын кәсіпорындар болып табылады. Жеке шағын кәсіпорындар саны 2009 жылы 282 бірлікке өсіп, 3553 бірлікті құрды., бірақ 2008 жылмен салыстырғанда 953 бірлікке азайды.

Павлодар облысының қалалары мен аудандары арасындағы шағын кәсіпкерліктің өсу қарқынын 2.8 суреттен көре аламыз.

Суретте Павлодар облысы мен оның қалалары мен аудандарының шағын кәсіпкерлігінің даму қарқыны көрсетілген. Бұл мәліметтерге сәкес Павлодар облысыбойынша шағын кәсіпкерлік саны бойынша Павлодар қаласында бірінші орында, одан соң Ақсу қаласы, ал үшінші орында Екібастұз қаласы тұр. Аудандар бойынша ең жоғарғы көрсеткіш Шарбақты ауданында 70 бірлікті құраған.

Павлодар облысы бойынша экономикалық қызмет түрі бойынша қызмет ететін шағын бизнес кәсіпорындарының дамуын талдаймыз, 2.7 кесте.

Кесте 2.7 – 2008-2010 жылдарғы экономикалық қызмет түрі бойынша тіркелген шағын бизнес кәсіпорындарының (заңды тұлғалардың) көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2008 ж	2009 ж	2009ж – 2008ж өзгеріс	2010ж	2010ж-2009ж өзгеріс
Облыс бойынша барлығы	7413	7825	412	8442	617
Ауыл шаруашылығы	284	283	1	284	1
Балық шаруашылығы	18	19	1	19	-
Өнеркәсіптік өндіріс	1010	1035	25	1095	60
Құрылыс	882	3654	6	1245	2409
Қызмет саудасы	3692	3798	7	1425	2373
Қонақүйлер мен мейрамханалар	71	78	7	86	8
Көлік және байланыс	656	395	261	466	71
Жылжымайтын мүлік жалы және тұтынушыларға қызмет көрсету	712	778	66	901	123
Білім беру	72	73	1	86	13
Денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметтер	148	151	3	154	3
Комуналдық қызмет және әлеуметтік қызмет көр	170	159	-11	157	-2

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

Кесте мәліметтерінен облыс бойынша барлық қызмет түрлерінен экономикалық қызмет түрі бойынша тіркелген шағын бизнес кәсіпорындарының көрсеткіштері жылдан-жылға артып отырғандығын байқаймыз, мәселен ауыл шаруашылығы 2009 жылмен салыстырғанда 2010 жылы 0,3 пайызға артқан, өнеркәсіп өндірісі 5,7 пайызға артқан, құрылыс 17,8 пайызға артқан, қызмет саудасы 4,2 пайызға артқан, қонақ үйлер мен

мейрамханалар 10,02 пайызға артқан, көлік және байланыс 17,9 пайызға артқан, жылжымайтын мүлік және тұтынушыларға қызмет көрсету 15,8 пайызға артқан, білім беру 4,1 пайызға артқан, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметтер 1,9 пайызға артқан, тек қана коммуналдық қызмет және әлеуметтік қызмет саласы 1,3 пайызға кеміген.

Жалпы облыс бойынша бүгінгі таңда экономикалық қызмет түрі бойынша қызмет етіп тұрған шағын бизнес кәсіпорындарының даму тенденцияларын қарастырамыз. (2.8 кестені қара).

Кесте 2.8 - Экономикалық қызмет түрі бойынша қызмет етіп тұрған шағын бизнес кәсіпорындарының (заңды тұлғалардың) көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2008ж	2009 ж	2009ж – 2008жылға а %	2010ж	2010ж- 2009ж %
Облыс бойынша барлығы	5160	4950	95,9	5008	101,1
Ауыл шаруашылығы	207	189	91,3	145	76,7
Балық шаруашылығы	12	13	108,3	5	38,4
Өнеркәсіптік өндіріс	850	851	100,1	904	106,2
Құрылыс	720	791	109,8	832	105,1
Қызмет саудасы	4522	2000	87,5	1927	96,3
Қонақүйлер мен мейрамханалар	45	50	111,1	57	114
Көлік және байланыс	284	294	103,5	336	114,2
Жылжымайтын мүлік жалы және тұтынушыларға қызмет көрсету	526	548	104,12	596	108,7
Білім беру	43	44	102,3	42	95,4
Денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметтер	103	106	102,9	108	101,8
Коммуналдық, қызметтік және әлеуметтік қызмет көрсету	86	64	74,4	56	87,5

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

2.7 және 2.8 кестелерді қарастыра отырып экономикалық қызмет түрі бойынша мәліметтерді талдай отырып, тіркелген және қызмет етіп тұрған шағын бизнес кәсіпорындарының көпшілігі сауда және қызмет көрсету саласына екендігін байқаймыз.

Сонымен қатар мұндағы ең төменгі көрсеткіш балық шаруашылығында екендігін көреміз, ал ең жоғарғы көрсеткіш құрылыс саласында болып отыр. Жалпы жыл сайын көрсеткіштердің өзгерісі оң нәтиже беруде.

Жалпы шағын кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандарды талдайтын болсақ, бұл көрсеткіш жылдан-жылға артып отырғандығын байқаймыз.

Павлодар облысы бойынша шағын кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандар саны, соның ішінде заңды тұлғаларда жұмыспен қамтылғандар, жеке кәсіпкерліктерде жұмыспен қамтылғандар, шаруа қожалықтарында жұмыспен қамтылғандар 9 кесте мәліметтерінде көрсетілген.


Кесте 2.9 - Павлодар облысы бойынша шағын кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандар саны

	2008 ж	2009 ж	2010 ж	Ауытқу
Заңды тұлғалар	24367	29384	22485	6899
Жеке кәсіпкерлер	47555	54385	40725	13360
Шаруа қожалықтары	7970	8272	7394	878
Барлығы:	79892	92041	87472	4569

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

Шағын бизнесте жұмыспен қамтылғандар санын талдай отырып, 2009 жылы шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны 92041 адамды құрағанын, ал 2008 жылмен салыстырғанда өсу темпі 141,1 пайызды құрағанын байқаймыз. Соның ішінде жеке кәсіпкерлікпен айналысытындардың саны едәуір жоғары екендігін байқаймыз.

Шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар санының өсу қарқыны 29 суретте көрсетілген.



Сурет 2.9 - Шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар санының өсу қарқыны

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

Осы мәліметтерге сүйене отырып ендігі кезекте нақты экономикалық қызмет түрлері бойынша шағын кәсіпорындарда жұмыспен қамтылғандар санын анықтайық (2.10 кестеде көрсетілген).

Кесте 2.10 - Экономикалық қызметтері бойынша шағын кәсіпорындардың жұмыскерлер саны

Қызмет түрлері	2007 ж	2008 ж	2009 ж	2010 ж	2010ж- 2009ж өзгеріс
Ауыл шаруашылығы	2022	1557	1752	1810	58
Балық аулау, балық өсіру	35	32	35	38	3
Өнеркәсіп	7388	7959	8002	8120	6882
-тау-кен	488	259	311	300	11
-өңдеушілік	6585	7370	7012	7380	368
-электр энергияны, суды өндіру және тарату	315	322	320	328	8
Құрылыс	7625	4777	5241	5100	141
Сауда; автокөліктерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдалану заттарды жөндеу	9458	9609	9808	9789	19
Қонақүйлер мен мейрамханалар	343	538	520	530	10
Көлік және байланыс	3210	1893	1910	1900	10
Қаржылай қызмет	8	59	62	60	2
Жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсету	7349	8043	7446	7914	468
Коммуналды, әлеуметтік және жеке қызметтер көрсету	2188	2745	2455	2650	195

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

Кестедегі статистикалық мәліметтерге сәйкес, шағын кәсіпорындардың максималды жұмыскерлер саны сауда, автокөліктерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдалану заттарын жөндеу салаларында байқалады. Мұнда 2009 жылы жұмыспен қамтылғандар саны 9808 адам болды, 2007 жылға қарағанда (6014 адам) жұмыспен қамтылғандар саны 3595 адамға өсті.

Жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсету орталарында шағын кәсіпорындардың жұмыскерлер саны 2009 жылы 7449 адамды құрды. Ең аз жұмыспен қамтылғандар саны балық аулау саласында байқалады, мұнда 2009 жылы жұмыскерлер саны 35 адамды құрды.

2009 жылмен салыстырғанда 2010 жылы ауыл шаруашылығында қызмет етушілер саны 3,3 пайызға, балық аулау, балық өсіруде қызмет етушілер саны 8,5 пайызға, өнеркәсіпте қызмет етушілер саны 1,5 пайызға, электр энергияны, суды өндіру және таратуда қызмет етушілер саны 2,5 пайызға, Қонақүйлер мен мейрамханаларда қызмет етушілер саны 1,9 пайызға, жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсетуде қызмет етушілер саны 6,3 пайызға, коммуналды, әлеуметтік және жеке қызметтер көрсетуде қызмет етушілер саны 7,9 пайызға артқан, ал қалған салалар бойынша қызмет етушілер саны азайғандығы байқалады.

Осыған байланысты экономикалық қызмет түрі бойынша шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандар санының құрылымына талдау жасалды, ол 2.11 кестеде көрсетілген.

Кесте 2.11 - Экономикалық қызмет түрі бойынша шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандар санының құрылымы

Көрсеткіштер	пайыздар			
	2007ж	2008ж	2009ж	2010
Облыс бойынша барлығы	100	100	100	100
Ауыл шаруашылығы	7,6	7,6	6,2	6,8
Балық шаруашылығы	0,1	0,1	0,03	0,1
Өнеркәсіптік өндіріс	19	20,1	19,9	19,5
Құрлыс	16,5	18,1	17,2	17,9
Қызмет саудасы	31	27,3	29,4	28,1
Қонақүйлер мен мейрамханалар	1,4	1,5	1,4	1,5
Көлік және байланыс	7,7	7,5	7,4	7,3
Жылжымайтын мүлік жалы және тұтынушыларға қызмет көрсету	11,7	12,5	13,6	13,1
Білім беру	0,9	0,8	0,7	0,8
Денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметтер	2,3	2,7	2,4	2,1
Коммуналдық, қызметтік және әлеуметтік қызмет көрсету	1,9	1,8	1,8	1,8

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

Экономикалық қызмет түрі бойынша мынаны анықтауға болады, соңғы үш жылда жұмыспен қамтылғандардың аздағын үлес салмағы сауда мен қызмет көрсетуде байқалады, 2007 жылы бұл 31 пайызды құрасы, ал 2008 жылы 29,4 пайызды құрағын. Бұл мынаны көрсетеді, сауда қызметі қол жетімді болып келеді, өйткені көптеген капитал салымдарын қажет етпейді және аздаған уақыт ішінде ақша айналымын жүзеге асыруға болады.

Сонымен қатар жұмыспен қамтылғандар санының көпшілігі құрлыста да байқалады, өйткені бұл қызмет түрі тиімді болып келеді. Құрылымдық талдау жүргізу барысында анықталғаны ол облыс бойынша жұмыспен

камтылғандардың ең аз көлемі балық шаруашылығында болды (2009 ж 0,03 пайыз), бұл сала бизнесмендер үшін тиімсіз, әрі тартымсыз болғаны.

Экономика қызметтерінің түрлері бойынша шағын кәсіпорындарда жұмыспен қамтылғандардың орташа айлық еңбекақысының мөлшері 12 кестеде келтірілген.

Кесте 2.12 - Экономика қызметтерінің түрлері бойынша шағын кәсіпорындар жұмыскерлерінің орташа айлық еңбекақысының мөлшері

Қызмет түрлері	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2010ж- 2009ж өзгеріс
Ауыл шаруашылығы	11440	17585	18581	19500	919
Өнеркәсіп	26774	36413	36262	40365	4103
-өңдеушілік	27238	37283	35837	38910	3073
-электр энергияны, газды, суды өндіру және тарату	14841	26717	47708	49520	1812
Құрылыс	30964	38649	40402	42510	2108
Сауда; автокөліктерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдалану заттарды жөндеу	23506	27139	33514	35380	1866
Қонақүйлер мен мейрамханалар	15734	15898	20347	22562	7785
Көлік және байланыс	18402	23130	30679	33620	2941
Қаржылай қызмет	14237	36417	29880	34120	4240
Жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсету	17726	26676	25377	28410	3033
Коммуналды, әлеуметтік және жеке қызметтер көрсету	17064	19784	22817	23620	803
Облыс бойынша барлығы	22396	29553	31580	35452	3872

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

2.12 кестеде көрсетілгендей, 2010 жылы Павлодар аймағында орташа айлық еңбекақының жоғары деңгейі электрқуатын, газ бен суды өндіру мен тарату ортасында (49520 тг) және де құрылыс саласында (42510 тг) байқалады. Сонымен қатар осы жылы сауда; автокөліктерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдалану заттарды жөндеу саласында орташа айлық еңбекақы 35380 теңгені құраған. Сондай-ақ жалақы көлемінің жылдан жылға артуын байқаймыз. 2009 жылмен салыстырғанда 2010 жылы құрылыс саласында 5,2 пайызға, ауыл шаруашылығы саласында 4,9 пайызға, өнеркәсіп саласында 11,3 пайызға, сауда: автокөліктерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдалану заттарды жөндеу саласында 5,6 пайызға, қонақүйлер мен

мейрамханаларда 10,8 пайызға, көлік және байланыс саласында 9,6 пайызға, жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсету саласында 11,9 пайызға, коммуналды, әлеуметтік және жеке қызметтер көрсету саласында 3,5 пайызға артқан.

2010 жылы орташа айлық еңбекақының ең төмен деңгейі ауыл шаруашылығы саласында байқалады (19500 тг), бұл елдің жоғары еңбекақыны іздеп ауыл аймақтарынан кетуіне әкеледі.

Павлодар облысының қалалары мен аудандары бойынша 2008 жылы орташа айлық еңбекақының деңгейі Павлодар қаласында 140%-ға өсті және 35159 тг құрды, өйткені онда, халықтың ұдайы түсімі байқалады, әсіресе ауылдық. 2007 жылға қарағанда шағын кәсіпорындардың орташа айлық еңбекақы мөлшерінің түсуі 2008 жылы Қашыр ауданы бойынша 2227 теңгеге байқалды, Аққу ауданы бойынша 4776 теңгеге.

Павлодар облысындағы жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарының дамуына талдау жасап көрейік (13 кестеге қара).

Кесте 2.13 - Жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарының көрсеткіштері

Көрсеткіштер	жеке кәсіпкерлер		шаруа қожалықтарының	
	тіркелгендер	қызмет етіп тұрғандар	тіркелгендер	қызмет етіп тұрғандар
2007ж	23916	16426	3752	2674
2008 ж	27733	18522	3756	2730
2009 ж	31622	21115	3695	2798
2010ж	32122	22405	3701	2856

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

Кесте мәліметтері бойынша 2007-2009 жылдар аралығында тіркелген және қызмет етіп тұрған жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарының көрсеткіштері көбейген.

Павлодар облысы бойынша көрсетілген мәліметтерге сәйкес 2008 жылмен салыстырғанда (283645,5 млн теңге) 2009 жылы өнімдерді сатудан және қызметтерді көрсетуден түскен табыс 15%-ға түсті.

Павлодар қаласы бойынша 2007-2009 жж аралығында өнімді сатудан түскен пайданың тұрақты өсуі байқалады.

Екібастұз қаласы 2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылы 111,5%-ға (93229,6 млн теңге) және Павлодар ауданы бойынша 2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылы 5,9 есе (4898,4 млн теңге) пайда деңгейінің едәуір төмендеуі байқалды.

Павлодар облысының шағын кәсіпкерлігіне салынған инвестиция көлеміне талдау жасалық (2.14 кестені қара).

Облыс бойынша қаржылық инвестициялардың көлемі 2007 жылы 24014,4 миллион теңгені құраған, ал 2009 жылы инвестиция көлемі 24920 миллион теңгеге ұлғайған. 2009 жылы Республика бойынша инвестиция көлемі азайған және ол 19789,3 миллиард теңгені құраған, бұл азайю әлемдік қаржы дағдарысынан болып отыр әрине.

Кесте 2.14 - Павлодар облысының шағын кәсіпкерлігіне салынған инвестициялар

млн. теңге

Көрсеткіштер	Қаржылық инвестиция			2010ж
	2007ж	2008ж	2009 ж	
Облыс бойынша барлығы	24014,4	24920,0	19789,3	21381,1
Ауыл шаруашылығы	380,6	87,6	82,3	83,2
Балық шаруашылығы	-	-	-	-
Өнеркәсіптік өндіріс	3966,8	6980,2	6545,3	6641,2
Құрлыс	1394,0	7563,8	4563,3	4583,4
Қызмет саудасы	16729,0	5341,3	4785,7	4812,6
Қонақүйлер мен мейрамханалар	3,6	69,8	33,2	45,6
Көлік және байланыс	453,8	878,4	985,3	1012,3
Жылжымайтын мүлікпен операциялар жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсету	1082,1	3957,3	3259,7	3256,8
Білім беру	42	52	57,3	58,3
Таукен өндірісі	434,5	501,9	521,3	522,3
өңдеуші өнеркәсіп	3489,4	6426,3	6512,2	689,1
Комуналдық және әлеуметтік қызметтерді көрсету	11,8	41,6	32,2	36,6

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

2011 жылдың қаңтар – наурызында облыс бойынша үстеме бағалау есебімен негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар 24,7 млрд. теңге, немесе 2010 жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 117,6%-ды құрады. Республиканың инвестиция көлеміндегі облыс үлесі 3,6%-ды құрады. Инвестицияларды қаржыландыру көзі бойынша 80,9%-ды кәсіпорындар мен ұйымдардың және халықтың өз қаражаты құрады, қарыз қаражаты үлесіне 12%-дан келді, бюджет қаражаты 7,1%-ды құрады.

Инвестицияның технологиялық құрылымында ғимараттар мен үймереттердің құрылысы және күрделі жөндеуі бойынша жұмыстар 28,7%-ды, машиналар, жабдықтар, құрал-сайман, мүкәммал – 66,6%-ды, өзге күрделі жұмыстар мен шығындар 4,7%-ды құрады.

Инвестициялау үшін электрмен жабдықтау, газ бу беру және ауаны баптау (облыстық көлемнен 42%), өңдеу өнеркәсібі (29,9%) басым болды.

Павлодар облысы бойынша шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту бойынша шараларды ұйымдастыру облыстық инвестициялық тартымдылығын ұлғайтуға себепші болатын бірден бір қадам деп те қарастыруға болады.

Бұл ретте 2010 жылдың сәуір-мамыр айларында Павлодар облысында «Бизнес-Кеңесші» Бағдарлама жобасын жүзеге асыруды бастады. Берілген жоба, Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерліктің қаржылық емес қолдау көрсету шегінде, «Даму» Қоры акционерлік қоғамымен жасалған және Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің және «Нұр Отан» ұлттық демократиялық партия қолдауымен жүзеге асырылады.

Облыстың барлық қалалар мен аудандарында жасалған, экономикада кәсіпкерліктің рөлін күшейту және әрекет ететін және болашақ кәсіпкерлер үшін екікүндік қысқартылған «Кәсіпкерліктің экспресс-курсы» тренинг-семинарларын ұсыну арқылы елдің шағын және орта бизнестің сапалы дамуын қамсыздандыру «Бизнес-Кеңесші» бағдарламасының негізгі мақсаты болып табылады.

Жалпы Павлодар облысында шағын кәсіпкерліктің дамуы халықтың жұмыспен қамтылу мен кедейшілік деңгейінің төмендеуіне жәрдемдеседі, сауда, қызмет көрсету және өнеркәсіп салаларының дамуында үлкен рөл атқарады, аймақтық өнімнің жалпы көлемін үлкейтеді.

Алайда облыстың шағын кәсіпкерлігі әлі де әлсіз диверсифицирлік, төмен инновациялық белсенділіктегі селсоқ болуды жалғастырып жатқанын атап өту керек.

2.3 Шағын кәсіпкерлікті дамытудағы негізгі мәселелер

Шағын кәсіпкерліктің дамуын талдау барысында ондағы проблемалардың жоқ еместігіне де көз жеткіземіз, кәсіпкерліктің тұрақты дамуы барысында шешілмеген, әлі күнге дейін дау тудыратын сұрақтардың да бар екендігіне мән берген жөн, олардың ішіндегі маңызды орынға ие болған қаржылық және ұйымдастырушылық мәселелері.

Қаржылық мәселелерге негізінен мыналарды жатқызуға болады:

- бастапқы капиталдың жоқтығы және өзінің айналым капиталдарының жоқтығы;
- екінші деңгейлі банктердің несиеге кепіл болатын жоғарғы өтімді мүлікті талап етуі;
- берілетін несиелердің өте қысқа мерзімділігі және пайыздық мөлшерлемесінің жоғарылығы.

Барлық осы мәселелер шағын кәсіпкерлікті несиелендіруге келіп тіреледі. Шағын кәсіпкерлердің қаржылық-несиелік ресурстаға қол жетпеушілігі көптеген жылдардан бергі басты мәселелердің бірі болып келеді.

Жеке кәсіпкерлер субъектілеріне екінші деңгейлі банктермен берілетін, несиелер, кәсіпорын қызметінің дамуы үшін қаражаттарды толтырудың негізгі көзінің бірі болып табылады.

Бастаушы кәсіпкерлер үшін қазіргі кезде несиелік ресурстарға рұқсат шектеулі. Бұл банктардың әлі тұрақты табыс әкелмейтін және қызметтері тәуекелдікпен байланысты кәсіпорындарға ақша салудан бас тартумен түсіндіріледі. Сондықтан кәсіпкерлік субъектілерінің қаржы-несиелік ресурстарға рұқсаттылық мәселесі өзекті болып саналады.

Келтірілген талдау нәтижелеріне сүйенер болсақ, 2007 жылы барлық несиелер бойынша пайыздық ставка көлемі 4 пайызға қысқарған, 2008 жылы несие бойынша ставка көлемі аздаған мөлшерде ұлғайған және ол 14,3 пайызды құраған, 2009 жылы өткен жылмен салыстырғанда пайыздық мөлшерлеме көлемі 13 пайызға өскен және 16,2 пайызды құраған.

Несие көлемінің ең жоғарғы өсімі ауыл шаруашылық саласында байқалады және ол 15,7 пайызды құрайды. Ал өнеркәсіпте 16,6 пайызды, құрылыста 16,6 пайызды құраған.

Кесте 2.15 - Ссудаларды беру бойынша пайыздық ставкаларды талдау

Көрсеткіштер	2006 жылғы % ставка	2007 жылғы % ставка	Өсу қарқыны	2008ж ылғы % ставка	Өсу қарқыны	2009 жылғы % ставка	Өсу қарқыны
Барлығы	14,7	14,1	-4%	14,3	1%	16,2	13%
Өнеркәсіп	14,8	13,6	-8%	14,3	5%	16,6	16%
Ауыл шарушылығы	13,5	13,6	1%	13,3	-2%	15,7	18%
Құрылыс	14,3	14	-2%	14,2	1%	16,6	17%
Көлік	14,3	14	-2%	14	0%	15,9	14%
Байланыс	15,7	12,1	-23%	14	16%	15,8	13%
Сауда	15	14,6	-3%	14,4	-1%	16,3	13%
Басқалары	14,9	13,6	-9%	14,5	7%	16,2	12%

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

Несиелендіру процестеріне бөгет болушы факторлардың бірі болып екінші деңгейлі банктардың қарыз беру барысында қарыз алушыға қоятын қатаң талаптары (мәселен төрт жылы шеңберінде кепілге қойылған мүлікті ұстап тұру), қарастырылатын жобалардың көпшілігі ауылдық жерлердегі шағын кәсіпкерлік субъектілерінен болады, осыған байланысты көптеген ауыл кәсіпкерлері қажетті қаржы ресурстарына қол жеткізе алмай қиналады. Несиелендіру барысындағы тағы бір жайт, ол несиеге қойылған кепілдеме мүліктің әділет органдарында тіркеудің ұзақтығы.

Сонымен қатар, кәсіпкерлерді туындалатын проблемалардың тағы бірі құрал-жабдықтардың тозу мәселесі (2.16 кестені қара).

Павлодар облысындағы өндірістік өнеркәсіп және ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлердің құрал-жабдықтарының тозуын талдау барысынан, ауыл шаруашылығындағы 73,5 пайыз кәсіпкерлер 50 пайыздан жоғары тозған құрал-жабдықтармен жұмыс жүргізуде, олардың ішінде 14,7

пайызы 80-100 пайыздан жоғары тозған құрал-жабдықтармен жұмыс жүргізуде, тек 11,8 пайыз кәсіпкер ғана 50 пайызға дейін тозған құрал-жабдықтармен өз жұмысын жалғастыруда.

Шағын бизнес сферасында кәсіпкерлік белсенділікті арттыру үшін әкімшілік кедергілерді жоюға жұмыс атқарылды – жер учаскелер құжаттарын дайындау мерзімдері 120 -дан 60 күнге дейін қысқарылды.

Кесте 2.16 - Өндірістік өнеркәсіп және ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлердің құрал-жабдықтарының тозу көрсеткіштері

Көрсеткіштер	50 пайыздан жоғары тозған құрал-жабдықтар	80%-100%-дан жоғары тозған құрал-жабдықтар	50% -ға дейін тозған құрал-жабдықтар
Ауыл шаруашылығы	73,5	14,7	11,8
Өндірістік өнеркәсіп	51	12,5	36,5

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

Әр квартал бойы мемлекеттік сатып алуда мен шағын және орта бизнес тендерлеріне қатысу мониторингі өткізіледі. Өтпелі жылдың қантар-ақпанында облыста 6,2 млрд. теңге жалпы соммасына тауарларды мемлекеттік сатып алуы (жұмыстар, қызмет көрсету) жүргізілді, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінен - 932,0 млн. теңге соммасына немесе 15,0%.

2009 жылы «ДАМУ» кәсіпкерліктің даму Қор арқылы республикалық бюджет қаражатынан үшінші транш бойынша 1213,7 млн. теңге соммасына 23 бизнес-жоспар қаржыландырылды.

Екінші деңгейлі банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруда 2 есе көлемін төмендетуі оның даму қарқының қысқартты. Шағын кәсіпкерлік белсенді субъектілер саны 2008 жылдың қантар-ақпанымен салыстырғанда 0,3% қысқарылып, 25,9 мың. бір, жұмыс басты саны – 3,5% - 76,7 мың. адам, бюджетке салық пен төлем көлемі – 62,2% - 1,9 млрд. теңге.

Қазіргі кезде шағын және орта бизнес жобалар несиелендірунің басымдық бағыттары анықталған. Бұл өнеркәсіптік өндірістің дамуы, ауыл шаруашылық өнімін өндіру және қайта өндіру, оптылық-бөлшек сауда және қызметкөрсету саласы. Атталған басымдықтар облыстың 2015 жылға дейін даму Стратегиясы және басқа бағдарламалық құжаттармен орта мерзімдік кезеңге қарастырылған.

2008 жылдың қантар-ақпанында тауарлар шығару, жұмыстар және қызмет көрсету көлемі 11,6 млрд. теңге немесе 106,7% құрады.(тұтынушылық бағалар индексі есепке алғанымен– 98,1%).

2009 жылдың қантар-ақпанында сыртқы сауда айналымы 348,5 млн. АҚШ долл. құрды (төмендеуі 16,8%), оның ішінде экспорт – 174,9 млн. АҚШ долл. (төмендеуі 29,6%), импорт – 173,6 млн. АҚШ долл. (өсуі 1,9%). Сыртқы сауда айналым сальдосы жағымды болып қалды– 1,3 млн.АҚШ долл.

2008 жылдың қантар-ақпанында қатысты транспорт арқылы жүктасымал көлемі 1,1% азайып, 13,2 млн. тонн құрды.

Өндірістік өнеркәсіптерде де көптеген кәсіпкерлік субъектілерінің 51 пайызы 50 пайыздан жоғары тозған құрал-жабдықтар жұмыс істеуде, ал оларды 12,5 пайызы 80-100 пайыздан жоғары тозған құрал-жабдықтармен жұмыс жүргізуде және олардың, яғни шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 36,5 пайызы 50 пайызға дейін тозған құрал-жабдықтармен өз жұмысын жалғастыруда.

Ал ендігі кезекте осы мәліметтердің негізінде Павлодар облысының аудандары мен қалаларындағы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 2006-2009 жылдар аралығындағы құрал-жабдықтардың тозу дәрежесіне толықырақ тоқталсақ.

Павлодар облысының қалалар мен аудандары бойынша негізгі құралдардың тозу дәрежесі 2.3 суретте және 2.8 кестеде ұсынылған. Кестеде ұсынылған мәліметтер негізгі құралдардың едәуір тозу дәрежесі Аққу ауданы бойынша (55,1%), Железинка ауданы бойынша (55,1%) екенін көрсетеді, бұл шағын бизнестің құрал-жабдықтары мен мүліктерінің физикалық тозуын дәлелдейді. Шарбақты ауданында тозу дәрежесі 8,9% құрайды.

Кесте 2.17 - Павлодар облысының қалалар мен аудандары бойынша негізгі құралдардың тозу дәрежесі

Павлодар облысының қалалары мен аудандары	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	ауытқуы
Павлодар қаласы	23,4	21,3	34,7	3,4
Ақсу қаласы	17,8	14,0	24,8	10,8
Екібастұз қаласы	15,4	21,4	19,1	2,3
Ақтоғай	30,2	14,2	18,0	3,8
Баянауыл	28,3	17,0	13,7	4,7
Железинка	12,6	14,3	51,9	37,6
Ертіс	72,0	57,4	11,9	45,5
Қашыр	30,3	34,6	24,3	10,3
Аққу	29,5	26,8	55,1	28,3
Май	52,2	42,5	27,1	15,4
Павлодар ауданы	51,7	54,9	27,3	27,6
Успенка	18,7	11,0	43,2	32,2
Шарбақты	42,3	44,5	8,9	35,6

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

Осыған қарамастан инвестицияның қайтарымдылық цикілі сауда мен қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындармен салыстырғанда ұзақырақ болып келеді.

Берілген фактор шағын кәсіпкерлердің өнімді өткізумен және үнемі болатын қарылық жетіспеушілік қиындылықтаымен тұспа-тұс келеді, осыған байланысты шағын кәсіпкерлік субъектілері жаңы технологияны енгізу үшін

қаржы жұмсау мүмкіндігінен айырылады, ол өз кезегінде бәсекеге қабілетті өнім шығаруға септігін тигізуші факторлардың негізгісі болып саналады.

Шағын кәсіпкерлікті дамытудағы басты қадам болып саналатын ұйымдастырушылық мәселелерге талдау жасайық. Шағын кәсіпкерліктің қалыпты дамуына кедергі болатын тағы да бір мәселелердің бірі ол – экономикалық қызметті лицензиялау төңірегіндегі мәселелер.

Бизнесті ашу немесе жағастыру барысында кәсіпкерлердің тап болатын күрделі және айқын емес процедуралар экономикалық өсуге кедергі болатын маңызды факторлар.

Бұл процедуралар өндіріс шығындарын ұлғайтады және кәсіпкерлердің шығынын көбейтеді, олардың нарыққа шығуын тежейді, бизнес-ортаны нашарлатыды және коррупцияға жол ашады.

Ұйымдастырушылық кедергілер көлеңкелі экономиканың пайда болуына себепшілердің бірі болып келеді.

Бизнесмендердің пікірінше, лицензияны рәсімдеу барысындағы жиналатын құжаттардың көптігі кәсіпкерлердің қызмет белсенділігінің төмендеуіне және коррупциялық заң бұзушылыққа себепші болады. Осыған орай мемлекетімізде заңнамалық актілермен лицензиялауға жататын 176 қызмет түрі және 900 түрлестері белгіленген.

Жыл сайын әр түрлі министрліктермен 26 мың лицензия беріледі. Қазіргі кезде Елбасының нұсқауымен тек төрт мемлекеттік орган өзінің ұсыныстарын білдірді.

Лицензияланатын қызмет түрінің осыншалықты көп болуына байланысты туындалатын негізгі мәселелер соншалықты көп емес, ең алдымен қоршаған ортаны қорғауға байланысты, азаматтардың қауыпсіздігіне байланысты және ұлтық қауыпсіздік сұрақтарына байланысты қызмет түрін лицензиялау керек.

Ал қалған қызмет түрлерінің барлығы кейінгі орынға қалдырылып және нақты саралануы тиіс: шынымен де лицензиялау қажет пе жоқ әлде, басқа да сәкес келетін бақылау түрлерімен қарап көруге болама деген маңызды мәселелерге шешім табу керек.

Екінші үлкен мәселе ол, барлық лицензиялау түрлері орталық деңгейде негізделген. Яғни орталықтандырылған мемлекеттік органның деңгейінде қарастырылады.

Ал бұл ретте барлық өтініштер жергілікті деңгейде қабылданатынын ескеру қажет, қазіргі кезде бізде лицензияның 90 пайыздан астамы Астанада беріледі. Мемлекетіміздің көлемді екенін ескеретін болсақ бұл әрине қолайсыздық тудыратын мәселенің бірі болып саналады.

Үшінші үлкен бір мәселе – лицензияны алу тәртібінің өте күрделілігі, яғни кәсіпкер тиісті құрылым бойынша құжаттардың өте ауқымды көлемін жинастыруы қажет.

Әрине, бұған өте көп уақыт қажет, сонымен қатар кәсіпкермен мемлекет арасындабайланыс пайда болады, кей жағдайларда бұл байланыс заңбұзушылыққа әкеліп соғуы мүмкін.

Сонымен қатар Қазақстанда бизнестің дамуы үшін күрделі сұрақтардың бірі болып табылатын ол, рұқсаттық-келісушілік жүйе. Рұқсаттық жүйе арқылы экономикалық қызметтің барлық түрі реттеледі.

Рұқсаттық қағаздарға жеке кәсіпкерлік субъектіге берілетін құжаттар жатқызылады, оған мыналар жатқызылады: лицензия, рұқсатнама, аккредитация туралы куәлік, сертификациялау туралы куәлік, тіркеу туралы куәлік.

Бұл рұқсат келісім негізінде жүзеге асырылады. Тіптен кәсіпкер қандайда бір лицензияны алатын болса да, ол қосымша құжаттарды алуға мәжбүр болады.

Ал бұл тағы да босқа кеңселердің есігін тоздыруға әкеліп соғады, соедай-ақ заңсыздықтың белең алуына жол ашады. Бастысы бұл адамның іскерлік белсенділігін төмендетуге тікелей әсерін тигізетін бірден-бір себеп болып келеді.

Кәсіпкерлердің мемлекеттік органдармен бірлесе қызмет атқаруы При взаимодействии предпринимателей с государственными органами основные проблемы заключаются в превышении полномочий последними. Это проявляется в нарушении действующего законодательства, вымогательстве, некомпетентности определенной части чиновников и так далее.

Бұл қиынөтпелі әкімшілік кедергілердің пайда болуына әкеліп соғады.

Әсіресе бұл кәсіпкерлердің мемлекеттік органмен қатынасқа түсуі барысында пайда болады, лицензия бер процесінде, сертификаттау процесінде және стандарттау процесінде және салық салу процесінде және тағы басқа да жағдайларда.

Ағымдағы заңнамада көп жағдайда осы органдардың жұмысына нақты анықтама берлмейді және осы органдардың міндеттері мен қызметтері ажыратылып көрсетіле бермейді, сондықтан да кейбір жағдайларда сол бір кәсіпорын төрттен-алты ретке дейінгі тексерулерге ұшырауы мүмкін, прокуратура органдарында тексеру тіркелімдері бар болуына қарамастан. Көптеген жағдайларда инспекциялық тексерістер тексеріс жүргізілушінің қосымша табыстарын, сонымен қатар заңсыз табыстарын айқындауға негізделеді.

Шағын кәсіпкерліктің дамуына бөгет болатын негізгі кедергілерді қорытындылай келе мыналарды жіктеп көрсетуге болады:

- берілетін несиенің көлемінің қысқаруы;
- несие ставкаларының көбеюі;
- негізгі қорлардың моралдық және физикалық тозуы;
- рұқсат берушілік, келісушілік процедуралар бойынша мемлекеттік органдар тарапынан болатын кедергілер және заңнамалық-құқықтық базаның жетілмегендігі;
- экономикалық қызметті лицензиялау облысындағы мәселелер.

Осы мәселелердің барлығының шешілмегендігі, бір жолға қойылмағандығы шағын кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіріп тұрғандығы байқалуда.


Осы мәселелерді шешпейінше шағын бизнестің дамуы тек облыс бойынша ғана емес, тіптен бүкіл Республика бойынша да мүмкін болмайды, өйткені бұл мәселелермен еліміздегі барлық кәсіпкерлер ұшырасады.

3. КАЗІРГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ ШЕҢБЕРІНДЕ ШАҒЫН БИЗНЕСТІ ДАМУДАҒЫ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР

3.1 Шағын кәсіпкерлікті қолдау шаралары

Дамыған кәсіпкерлік сектор – бұл кез-келген мемлекеттің экономикасының негізі болып табылады..

Экономикасы дамыған мемлекеттерде жалпы ішкі өнімге шаққандағы шағын және орта бизнестің үлес салмағы 60-80 пайызға тең, ал осы орайда Қазақстанда бұл көрсеткіш 40 пайызды құрайды.



Сурет 3.1 Қазақстан Республикасындағы және Павлодар облысындағы қазіргі жағдайдағы шағын кәсіпкерлікті дамытудың неізгі приоритеттері
Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

Осыған байланысты Қазақстан Республикасында бизнестің позициясын күшейту мақсатында мемлекеттік саясат жүзеге асырылып, көптеген бағдарламалар әзірленіп, сол бойынша тиісті шаралар жүзеге асырылып жатыр.

Павлодар облысы бойынша да шағын кәсіпкерлікті дамыту, қолдау және қорғау аясында жергілікті бюджет қаражаттарынан аздаған қолдаулар

көрсетілген. Сонымен қатар шағын және орта бизнесті дамыту барысында екінші деңгейлі банктердің де орыны ерекше.

Осы жағдайларда, 2011 жылы «ДАМУ» кәсіпкерлік даму Қорымен бірлесіп, облыстық бюджеттен 1,6 млрд. теңге бөлінді. Кәсіпкерлерге несиелерді ұсыну нарықтық ставкадан төмен болды (13,6%) негізгі қарызды өтеу жеңілдік кезеңімен.

Барлығы өткен жылда қаржыландырылған 72 бизнес-жоба 1,2 млрд. теңге соммасына. Осы жобаларды өткізу нәтижесінде шағын және орта бизнес субъектілерімен 80 жаңа жұмыс орындарын құру жоспарланады.

Кәсіпкерлік белсенділікті жоғырлату үшін әкімшіліктік кедергілерді төмендету жұмысы өткізілді – кепілге қойылған мүлігін тіркеу мерзімдері 15-24 күннен 7-12 күнге дейін қысқартылды.

Қазіргі кезде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (одан әрі - Қор) кәсіпкерлікті қолдаудың 14 қаржылық және қаржылай емес қолдау бағытындағы 11 бағдарламаны жүзеге асыруда. Қор жүзеге асырып отырған шағын және орта бизнесті (одан әрі – ШОБ) қаржылық қолдау бағдарламаларының барлығы да мақсатты игерілуі және мемлекет қаражатының қайтарымдылығын қамтамасыз ету басымдығымен ерекшеленеді. Қордың 2007 жылдың соңынан бері жүзеге асырып келе жатқан тұрақтандыру және салалық бағдарламалары экономикалық ауыр дағдарыс кезеңінде шағын және орта бизнесті несиелесу ресурстарымен қамтамасыз ету көлемін сақтап қалуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, «Даму» Қоры Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриалды-инновациялық дамуының Мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға белсенді атсалысып отыр. Атап айтқанда, Қор Стратегиясында бекітілген шағын және орта бизнеске қаржылай және қаржылай емес құралдармен қолдау бағдарламаларын іске асыру және «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы шеңберінде қаржы агенті ретінде қызмет атқару жүктелген.

Дағдарыс кезі тек төзімділікті тексеретін кез емес, сондай-ақ өз жұмысында жетістікке ұмтылатын адамдар үшін даму мүмкіндігі екенін тарих дәлелдеді.

Қазір Қазақстан экономикасы үшін оңай уақыт емес. Ал бизнестің тұрақтылығын сақтап тұру мақсатымен қаражат тартудың қиыншылығын шағын бизнес ерекше сезінеді. Өзіңнің жеке жұмысыңа қауып-қатер төніп тұрғанын сезіну ауырға соғады. Өйткені көптеген кәсіпкерлер үшін айналысатын жұмыстары жай ғана бизнес емес, сүйікті «сәбилері».

Шағын бизнестің мұқтаждығын және оларға қаржылай көмектің қаншалықты маңызды екенін түсінетін ҚАЗКОМ «Бизнес энергиясы» атты жаңа несиелесу шешімдерінің желісін ойлап тапты. Енді Банк бизнесіңізді дағдарыстың келеңсіз әсерлерінен қорғап, оның өсуі мен дамуына көмектесуге ұмтылады.

Қаражатты ЕДБ келісіп орналастыру бағдарламалары бойынша 2010 ж. арналған жоспар артығымен орындалды. Оған тұрақтандыру бағдарламалары шеңберінде берілген қаражаттардың үлкен көлемде қайтарылуы есебінен банктердің қайыра (револьверлік) кредит беруі және Қордың «Даму-Өндіріс»,

Жаңаөзен қ. шағын бизнес субъектілерін қаржыландыру, әйелдер кәсіпкерлігін қаржыландыру тәрізді жаңа бағдарламаларының қарқынды жүзеге асырылуы себеп болып отыр. «Даму-Өндіріс» бағдарламасының жүзеге асырылуы арқылы Қор бағдарламаларындағы өндірістік жобалардың үлесі 28,6%-ға дейін ұлғайды. Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы ШОБ субъектілерінің лизингтік мәмілелерін қаржыландыру Бағдарламасы бойынша да лизингтік компаниялар едәуір қаражат игерді. Осы күнге дейін 1 млрд. 164 млн. теңге игерілген.

2010 жылдан бастап Қор қаржы агенті және үйлестіруші ретінде «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын іске асыруға белсенді атсалысып келеді. Жалпы алғанда 2010 жылы құны 91,6 млрд. теңгелік 73 жоба субсидияланып, төленген субсидиялар сомасы 983,7 млн. теңгені құрады.

Бірінші бағыт «Жаңа бизнес-бастамаларды қолдау» бойынша 90 келісімшарт жасалынды. Кредиттік портфель сомасы 14,6 млрд. теңгені құрайды. 2011 жылы БЖК-2020 бағдарламасының бірінші бағыты бойынша 220 келісімшарт жасасу көзделген.

Бірінші бағыт «Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеріне кепілдеме беру» бойынша 12 жобаға кепілдік беру мақұлданып, оның 3-імен кепілдеме шарты жасалынды, 6 жоба бойынша кепілдеме-хат жолданды, 3 жоба Экономикалық даму және сауда министрлігі мен ЕДБ тарапынан шарттарға сәйкестігі бойынша келісілу үстінде. Кредиттік портфель сомасы 3,9 млрд. теңгені құрайды. 2011 жылы кәсіпкерлік жобаларға кепілдеме беру бойынша 70 сараптамалық қорытынды әзірлеу жоспарланып отыр.

Екінші бағыт «Кәсіпкерлік секторды сауықтыру» бойынша Мемкомиссия жанындағы Жұмыс тобы 64 жобаны мақұлдады, 30 жобамен субсидиялау шарты жасалынды. Кредиттік портфель сомасы 49,3 млрд. теңгені құрайды. 2011 жылы екінші бағыт бойынша 180 келісімшарт жасасу және 240 ұсыныс әзірлеу көзделуде.

Үшінші бағыт «Экспортқа бағдарланған өндірісті қолдау» бойынша субсидиялау туралы 15 келісімшарт жасалынды. Кредиттік портфель сомасы 24,1 млрд. теңгені құрайды. 2011 жылы осы бағыт бойынша субсидиялау туралы тағы 30 келісімшарт жасасу көзделген.

2011 жылдан бастап «Даму» Қоры бағдарламаның «Кәсіпкерлік әлеуетті күшейту» деп аталатын жаңа 4-ші бағытының операторы болып белгіленді. Онда жаңадан іс бастаған кәсіпкерлерді қолдау (старт-ап жобалар); жұмыс істеп тұрған бизнесті жүргізуге сервистік қолдау көрсету, шағын және орта бизнестің топ-менеджментін оқыту, шетелдік әріптестермен іскерлік байланыстар орнату арқылы өндірісті жаңғыртып, оны кеңейтуге көмектесу, нарықта сұранысқа ие мамандықтар бойынша кадрлар дайындау және қайта даярлау тәрізді қолдау тетіктері қарастырылған.

Кәсіпкерлерді қаржылай емес құралдармен қолдау Қор қызметінің маңызды бағыты болып отыр.

2010 жылы еліміздің 209 аудан қалаларын қамтыған «Бизнес-Кеңесші» Бағдарламасы бойынша 16 504 тыңдаушы дәріс алды. 2011 жылы өткізу жоспарланған екі кезең ішінде кемінде 20 мың адам оқытылады деп жобалануда.

2010 жылы 5 аймақтық кәсіпкерлікті қолдау Орталықтарының – Павлодарда, Өскеменде, Қарағандыда, Шымкент пен Қызылорда және Ақтөбе облысында 2 ауданындық КҚО ашылуы Қазақстанның кәсіпкерлік секторы үшін үлкен оқиға болды. 2011 жылдың алғашқы жартыжылдығында аймақтарда тағы да 11 КҚО ашу жоспарланған.

Сыртқы пайдаланушылар үшін Қордың Геоакпараттық жүйесін (ГАЗ) пайдалануға мүмкіндік жасалды. 2011 жылдан бастап ГАЗ-жүйесі арқылы тоқсан сайын еліміздегі ШОБ-тің жай-күйін сараптайтын Талдамалық кітап толықтырылып отырмақшы. Қазіргі күні осы саланың инвестициялық төлқұжатына айналған бұл басылымның 2 жинағы жарық көрді, 4-ші тоқсанда 3-ші жинақ жарыққа шығарылмақ.

Қордың қолдауы арқылы «МОЙ БИЗНЕС КАЗАХСТАН» атты ШОБ арналған мамандандырылған мерзімді журнал шығарылуда, осы күнге 13 нөмірі жарық көрді.

«Даму-Көмек» бағдарламасының шеңберінде www.damu-komek.kz сайты іске қосылып, оған мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлерден 244 өтінім түсті. Түскен өтініштердің ішінен 91 мүгедек-кәсіпкер демеушілік және қайырымдылық көмекке қол жеткізді.

Сондай-ақ, 2010 жылы Қордың қолдауымен Хабар телеарнасының эфирі арқылы «Бір Болайық»/«Вместе» атты мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлерді қолдауға бағдарланған тележобаның 24 бағдарламасы көрсетілді.

Осы күні Қор кәсіпкерлік мәселелеріне арналған біріңғай Call-Орталық құру үстінде және ол тестілеу сатысынан өтіп жатыр. 2011 жылдың наурыз айынан бастап Call-Орталық толыққанды жұмыс тәртібіне көшіп, Қазақстанның барлық аумағын қамтитын болады. Бұған қоса, «Даму» Қоры тестілеу мақсатымен ШОБ субъектілеріне қашықтықтан қызмет көрсететін Бизнес-порталды іске қосты. Бұл портал да 2011 жылдың наурызында толыққанды жұмыс тәртібіне көшіріліп, пайдаланушылар саны күніне 400 адам болады деп жоспарлануда.

2011 жылға арналған инвестициялық жоспар.

2011 жылға арналған Қордың қолданыстағы және жаңа бағдарламалары бойынша әріптес-банктердің игеретін қаражатының жобалық мөлшері 112 млрд. теңге шамасында болады, оның ішінде 34,5 млрд. теңге жаңа бағдарламаларға бағытталады деп күтілуде. Бұл сомаға Қор 2011 жылы кредиттеу, лизинг, факторинг және т.б. құралдар арқылы қаржылық қолдау көрсетуді көздеп отыр.

Жеке кәсіпкерлер субъектілеріне екінші деңгейлі банктермен берілетін, несиелер, кәсіпорын қызметінің дамуы үшін қаражаттарды толтырудың негізгі көзінің бірі болып табылады.

Бастаушы кәсіпкерлер үшін қазіргі кезде несиелік ресурстарға рұқсат шектеулі. Бұл банктардың әлі тұрақты табыс әкелмейтін және қызметтері тәуекелдікпен байланысты кәсіпорындарға ақша салудан бас тартумен түсіндіріледі. Сондықтан кәсіпкерлік субъектілерінің қаржы-несиелік ресурстарға рұқсаттылық мәселесі өзекті болып саналады.

Шағын және орта бизнес кәсіпорындар қызметін қаржымен қамсыздандыру сұрақтарында «бірінші скрипка» болып қалған, «Даму» шағын кәсіпкерліктің даму Қорына осы мәселені шешуде маңызды рөл беріледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылдың 6 қарашасынан №1039 «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамудың тұрақтылығын қамсыздандыру бойынша алғашқы кезеңдік әрекеттер жоспарын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, 2008 жылдың басынан бастап «Даму» қоры шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіру үшін екінші деңгейлі банктарға қаражаттарды орналастыру себепті Бағдарлама бойынша мемлекеттік қаражаттарды басқару бойынша оператор болып табылады.

Қаражаттарды орналастыру себепті Бағдарлама Республикада шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржылай қолдау бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыру құралдарының бірі болып табылады.

Ол Қордың шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін несиелендіру үшін нақты шарттарда (мақсатты және шектеулі) екінші деңгейлі банктарға қаржы ресурстарын (қорландыру) ұсыну жолымен іске асырылады. Банк-серіктестермен жұмыстың негізгі қағидаларының бірі – олардың ішкі процедуралары мен Қор жағынан несиелік процеске кіріспеу, сондай-ақ олардың қабылданған шешімдердің тәуекелдігі үшін толық жауапкершілігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысымен бекітілген 2011 жылдың 6 қарашасынан №1039 «елдің әлеуметтік-экономикалық даму тұрақтылығын қамсыздандыру бойынша бірінші кезеңдік әрекеттер жоспарына» сәйкес республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттарды игеру бойынша қорытынды 2.10 кестеде ұсынылған..

Кесте 3.1 - Бағдарламаны жүзеге асыру үшін екінші деңгейлі банктерге бөлінген қаражаттар құрылымы

Банк	Бөлінген миллион теңге	сума, ЕДБ үлесі
«БТА Банкі» АҚ	12 200	25%
«Казкоммерцбанкі» АҚ	12 200	25%
«ЦентрКредит Банкі» АҚ	6 100	12,50%
«КаспийБанкі» АҚ	6 100	12,50%
«Альянс Банкі» АҚ	6 100	12,50%
«Евразиялық Банкі» АҚ	3 050	6,30%
«Цесна Банкі» АҚ	3 050	6,30%
Қорытынды	48 800	100%

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

Қазақстан Республикасының Президенті жанында экономиканы модернизациялау бойынша Мемлекеттік комиссияның сәйкес шешімімен нақтыланған, жеті екінші деңгейлі банктер Бағдарламасын жүзеге асыру үшін 48,8 млрд теңге бөлінген.

Бағдарлама шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылай қолдау бойынша мемлекеттік шаралардың тиімділігін жоғарлату мақсатында жасалған.

Берілген Бағдарлама бойынша Қазақстан Республикасында заңнамамен тыйым салынған қызметтерден басқа банк-серіктестердің шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру қызмет түрлерін шектемеусіз іске асырылады.

Несиелік қаражаттар «Даму» Қорымен «Қазына» дамуды басқару қоры акционерлік қоғамынан 7,0 жылдық пайызбен тартылды.

Екінші деңгейлі банктерде несиелік келісім талаптарына сәйкес, мезгілінде оларға бөлінген қаражаттардың толық игерілмеген қалдықтар сомасы қайтарылады және, мезгілінде бөлінген қаражаттардың толық сомасын игерген, қалған 4 екінші деңгейлі банктер арасында бөліп таратылады.

Шағын бизнес сферасында кәсіпкерлік белсенділікті арттыру үшін әкімшілік кедергілерді жоюға жұмыс атқарылды – жер учаскелер құжаттарын дайындау мерзімдері 120 -дан 60 күнге дейін қысқарылды.

Әр квартал бойы мемлекеттік сатып алуда мен шағын және орта бизнес тендерлеріне қатысу мониторингі өткізіледі. Өтпелі жылдың қантар-ақпанында облыста 6,2 млрд. теңге жалпы соммасына тауарларды мемлекеттік сатып алуы (жұмыстар, қызмет көрсету) жүргізілді, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінен - 932,0 млн. теңге соммасына немесе 15,0%.

2010 жылы «ДАМУ» кәсіпкерліктің даму Қор арқылы республикалық бюджет қаражатынан үшінші транш бойынша 1213,7 млн. теңге соммасына 23 бизнес-жоспар қаржыландырылды.

Қазіргі кезде шағын және орта бизнес жобалар несиелендірунің басымдық бағыттары анықталған. Бұл өнеркәсіптік өндірістің дамуы, ауыл шаруашылық өнімін өндіру және қайта өндіру, оптылық-бөлшек сауда және қызметкөрсету саласы. Атталған басымдықтар облыстың 2015 жылға дейін даму Стратегиясы және басқа бағдарламалық құжаттармен орта мерзімдік кезеңге қарастырылған.

2011 жылдың қантар-ақпанында сыртқы сауда айналымы 348,5 млн. АҚШ долл. құрды (төмендеуі 16,8%), оның ішінде экспорт – 174,9 млн. АҚШ долл. (төмендеуі 29,6%), импорт – 173,6 млн. АҚШ долл. (өсуі 1,9%). Сыртқы сауда айналым сальдосы жағымды болып қалды – 1,3 млн. АҚШ долл.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау үшін және салық мерзімдерін жеңілдету үшін 2009 жылы жаңа салық кодексі енгізілді, осыған сәкес коперативтік табыс салығының мөлшерлемесі азайтылды, ол 2008 жылы 30 пайызды құрасы, 2008 жылы 20 пайызды құрады, сондай-ақ бұл салық 2011 жылы 15 пайызды құрады. Мүлік салығы, тек кәсіпорын еншісінде бар мүлікке ғана салынады және оның пайыздық мөлшерлемесі екі пайызды құрады. Қосылған құн садлығы да қысқарды және оның пайыздық мөлшерлемесі 12 пайызды құрады. Сонымен қатар ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін заңды тұлғалардың арнайы салық режимдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілді, ҚҚС, әлеуметтік салық, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемдер, мүлік салығы және көлік салығының мөлшері қысқартылды.

3.2 Шағын кәсіпкерлікті қолдауды және дамытуды жетілдіру бойынша Бағдарламалар

Бүгінгі күнде шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту бойынша жүргізіліп жатқан шаралар да аз емес, соның үстіне нақты шағын бизнесті дамыту тұрғысынан бағдарламалар әзірленіп жатыр.

2011 жылдың 18 мамырындағы шетел инвесторларының 24 отырысында Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз баяндамасында «Бизнесті жаңғыртпай экономикалық өрлеу мүмкін емес» деді. Иә бизнесті жетілдіру экономикалық тұрақтығымызды нығайтып, одан әрі өрлеуге серпін берері сөзсіз. Осы ретте «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының орыны ерекше. Бүгінгі күні бағдарлама бойынша 200 жуық субсидия әзірленді.

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын және Қазақстанның 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын іске асыру үшін әзірленді.

«Бизнестің жол картасы -2020» 2014 жылға дейінгі еліміздің үдемелі индустрияландыруы бойынша мемлекеттік бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Басты мақсаты - аймақтардағы кәсіпкерлікті қолдау және дамыту есебінен жаңа, тұрақты жұмыс орындарын ашу.

Айқындалған критерилер негізінде әр аймақ үшін қаржыландыру лимиті бекітіледі.

Жергілікті атқарушы органдар бағдарламаның іске асырылу бағыттары бойынша жалпы лимитті өзбеттерінше (Экономикалық даму және сауда министрлігімен келісіп) бөледі.

Бағдарламаның бағыттары:

- берілген несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау арқылы кәсіпорынды сауықтыру;
- жаңа жобалар үшін несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;
- жаңа жобалар үшін несиені ішінара кепілдендіру;
- өндірістік инфрақұрылымды дамыту;
- бизнесті жүргізуді сервистік қолдау;
- мамандарды даярлау, жастар тәжірибесі және әлеуметтік жұмыс орындары (компонент 2011 жылдан бастап іске асырылады).

Бағдарламаның негізгі қағидаты - қаржыландыру туралы шешім қаржы ұйымдарымен қабылданады.

Аймақтық үйлестіру кеңесі субсидиялау және кепілдендіруге қатысты шешім қабылдайды. Кәсіпкерге бағдарламаның барлық құралдары аясында жүйелі көмек көрсетіледі.

Павлодар облысы Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасымен «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын іске асыру бойынша мақсатты бағдарланған жұмыстар жүргізілуде.

Үстіміздегі жылдың 17 наурызында Павлодар облысы әкімі Б. Сағынтаев «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын іске асыру және талқылау

бойынша облыстық мемлекеттік органдардың, екінші деңгейдегі банктердің, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерімен және кәсіпкерлердің қатысуымен кездесу өткізілді.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес облыстық Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының өкілдері «Даму» шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ аймақтық филиалымен бірлесіп, «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын түсіндіру бойынша барлық аудандарда семинарлар өткізді.

Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы бұқаралық ақпарат құралдарына «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы аясында қаржыландыру мақсатында жобалар қабылдайтындығы туралы хабарлама жариялады. Соның нәтижесінде басқармаға шағын және орта бизнес субъектілерінен қаржыландыруды сұраған арыздар келіп түсті.

Жасалған тізімнен өнім шығарумен байланысты, инфраструктуралық, қызмет көрсету, балық шаруашылығын, туризмді дамытуға бағытталған маңызды жобалар іріктеліп, соның нәтижесінде 62 басым бағыттағы жобалар тізімі жасақталды. Барлық ұсынылған жобалар екінші деңгейдегі банктерге қаржы нысанына қаралу үшін жіберілді.

Әзірге қаржыландыру жұмыстары басталған жоқ.

Қазіргі күнге «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы бойынша «Даму» қорының өңірдегі өкілдігімен бірлесіп несиені кепілдендіру және субсидиялау тетігін әзірлеу бойынша кездесулер өтіп, жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Бизнестің Жол карта Бағдарламасы шегінде мәселелерді шешу үш бағытта жүзеге асырылады.

Бірінші бағыт – жаңа бизнес-бастамаларды қолдау.

Мұнда Мемлекеттік бағдарлама мақсаттарымен сәйкес, экономиканың шикізаттық емес секторында жобаларды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік қолдау көрсету қарастырылған.

Бағдарламаны жүзеге асырудың бірінші бағыты шегінде төмендегідей мемлекеттік қолдау қарастырылған:

- жобаларды жүзеге асыру үшін банктердің несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді жеңілдету;
- жобаларды жүзеге асыруға бағытталған банк несиелері бойынша жартылай кепілдендіру;
- өндірістік (индустриалды) инфрақұрылымның дамуы;
- бизнесті жүргізуде қызмет көрсету;
- мамандарды даярлау, жастар тәжірибесі және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру (2011 жылдан бастап енгізілді).

Бағдарламаның қосымша 1 сәйкес экономиканың негізгі секторларында (Қазақстан Республикасының индустрия және сауда министрлігінің техникалық реттеу және әдістемелеу бойынша комитет төрағасының 2007 жылдың 14 желтоқсанынан №683-од бұйрығымен бекітілген, экономикалық қызмет түрлерінің жалпы топтастырылуымен (ЭҚЖТ) сәйкес) инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын және (немесе) жүзеге асыруды жоспарлайтын кәсіпкерлер Бағдарламаның бірінші бағытының қатысушылары бола алады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 31 желтоқсанынан № 1344 қаулысына сәйкес мониторингке енгізілетін, ірі салық төлеушілер тізіміне қосылған және минералды шикізат өңдеуді жүзеге асыратын, металлургиялық өнеркәсіп кәсіпорындары бірінші бағыттың бағыттың қатысушылары бола алмайды.

Жергілікті деңгейдегі экономиканың көрсетілген секторлар шегінде Бағдарлама үйлестірушілері мақсаттарды, Өкілетті органдармен келісілген және аймақтық бұқаралық ақпарат құралдары мен жергілікті атқарушы органдар сайттарында жарияланатын, әрбір аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып анықтайды.

Пайыздық мөлшерлемелерді жеңілдету шарттары. Банктың сыйақы мөлшерлемелерін жеңілдету, жаңа инвестициялық жобаларды, сонымен қатар, өндірісті модернизациялау мен кеңейтуге бағытталған, жобаларды жүзеге асыруға берілген, жаңа несиелер бойынша іске асырылады.

Пайыздық мөлшерлемесіне жеңілдету іске асырылатын несие сомасы бір қарыз алушы үшін 3 млрд. теңгеден аспауы тиіс.

Жеңілдету мерзімі 1 жыл мен 3 жыл арасын құрайды, кейін 10 жылға дейін ұзартылуы мүмкін.

Арыз беруші жобаны жүзеге асырудың жалпы сомасының 15%-дан кем емес жеке қаражаттарды жұмылдыруы тиіс.

2011 жылдан бастап пайыздық мөлшерлемені жеңілдету тек сыйақы мөлшерлемелері 12%-дан аспайтын банктар несиелері бойынша жүзеге асуы мүмкін, оның ішінде 7%-ын Бағдарлама қатысушылары төлейді, ал 5%-ын мемлекет өтейді. Банк төменде көрсетілген төлемдерден басқа ешқандай несиеге қатысты алымдар мен төлемдерді алмайды:

- арыз берушінің қалауынша, несиелендіру шарттарын өзгертумен байланысты;

- арыз берушінің несие бойынша міндеттерін бұзу себебімен алынатын.

Кейін несие бойынша банктың сыйақы мөлшерлемесі, Өкілетті органның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірге және Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша Агенттігімен жылына бір рет бекітілетін, шекті нарықтық сыйақы мөлшерлемесінен жоғары болмауы тиіс.

2011 жылдан бастап жәрдемақы мөлшері Қазақстан Республикасы Үкіметімен анықталады.

Несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді жеңілдету механизмі:

- арыз беруші банкке өтініш білдіреді;

- Банк жобаның қаржылай-экономикалық тиімділігін бағалайды, содан соң оң шешім қабылданса, арыз берушіге жобаны несиелендіруге дайындықтары туралы хабарлайды;

- арыз беруші банктың оң шешімімен берілген жобаны аймақтық жәрдемақы төлеу комиссиясы қарауына беретін жергілікті деңгейдегі Бағдарлама үйлестірушісіне өтініш білдіреді;

- аймақтық жәрдемақы төлеу комиссия жобаны Бағдарлама шарттарына сәкестігін қарастырып, жәрдемақы төлеу мүмкіндігі (немесе мүмкін еместігі)

бойынша шешім қабылдайды. Аймақтық жәрдемақы төлеу комиссия шешімі сәйкес хаттамамен ресімделеді.

- жергілікті деңгейдегі Бағдарлама үйлестірушісі аймақтық жәрдемақы төлеу комиссиямен мақұлданған жобалар тізімін жәрдемақы төлеуге сәйкес банктерге және қаржы агентіне жібереді.

- жергілікті деңгейдегі Бағдарлама үйлестірушісі аймақтық жәрдемақы төлеу комиссиясында қарастырылған барлық жобаларды және олар бойынша қабылданған шешімдерді Өкілетті органдарға жібереді. Өкілетті орган жобаның Бағдарлама шарттарына сәйкес болмаған жағдайда, жәрдемақы төлеудің келісімшартына қол қойылғанға дейін аймақтық жәрдемақы төлеу комиссиясының шешімін өзгертуі мүмкін.

- банктардың несиелендіру бойынша және аймақтық жәрдемақы төлеу комиссияның жәрдемақы төлеу бойынша оң шешімі бар жобалар бойынша банкпен, қатысушымен және қажы агентімен жәрдемақы келісімшарты жасалады, соның шегінде қаржы агенті мен Бағдарлама қатысушысы банкке сыйақы мөлшерлемесінің сәйкес үлестерін төлейді.

Банк несиелері бойынша кепілдік беру шарттары. Кепілдік тек жаңа жобаларды жүзеге асыру үшін берілетін несиелер бойынша және де өндірісті модернизациялау мен кеңейтуге бағытталған жобаларды жүзеге асыру бойынша ғана беріледі.

Кепілдендіру іске асырылатын несие сомасы бір қарыз алушы үшін 3 млрд. теңгеден аспауы тиіс.

Кепілдік мөлшері несие сомасының 50 %-дан аспауы қажет.

Кәсіпкерлер үшін кепілдік тегін беріледі..

Кепілдік берілетін несиенің максималды мерзімі он жылдан аспауы керек.

Айналмалы қаражаттарды толықтыруға берілетін несиелер бойынша кепілдік жүзеге асуы мүмкін емес, алайда ерекше жағдай да бар, егер айналмалы қаражаттарды қаржыландыру негізгі құралдарды сатып алу және (немесе) модернизациялауға несиелер шегінде жүзеге асырылатын жағдайда, бірақ несие сомасының 20% көп емес.

Арыз беруші жобаны жүзеге асыруға жалпы сомасының 15%-дан аз емес жеке қаражаттарды жұмылдыруы тиіс.

2010 жылдан бастап кепілдендіру жүргізілетін несиелер бойынша банктердің сыйақы мөлшерлемесі 12% жоғары болмау керек. Сонымен қатар, банк несиеге қатысты төменде көрсетілген төлемдерден басқа ешқандай алымдар мен басқа да төлемдерді алмайды:

- арыз беруші қалауынша несиелендіру шарттарын өзгертуге қатысты;
- арыз берушінің несие бойынша міндеттерін орындамау себебімен алынатын.

Кейін несие бойынша банктің сыйақы мөлшерлемесі, Өкілетті органның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірге және Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша Агенттігімен жылына бір рет бекітілетін, шекті нарықтық сыйақы мөлшерлемесінен жоғары болмауы тиіс.

Өндірістік (индустриалды) инфрақұрылымның дамуы бойынша қолдау көрсету шарттары. Өндірістік (индустриалды) инфрақұрылымның дамуы жетіспей жатқан инфрақұрылымды дамытуды көздейді және өндірісті модернизациялау мен кеңейтуге бағытталған жобалар үшін, әрқайсысына жеке түрде немесе өнеркәсіптік алаңдар ұйымдастыру шегінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Қаражаттарды бөлу тек келесі инфрақұрылым құрылысына және қайта құрылысына бағытталуы мүмкін: жолдар, канализация, жылумен жабдықтау, суқұбырлары, теміржол тұйықтамалары, телефондау, электр подстанциялары, электржіберу желілері.

Қаражаттарды бөлу құрылыс немесе қайта құрылыстың техникалық – экономикалық дәйектемесі немесе бизнес-жоспары негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Жетіспей жатқан инфрақұрылымды дамыту бірнеше жобаларды қамсыздандыруға бағытталуы мүмкін.

Кәсіпкерлерге келесідей сервистік қолдау түрлері көрсетілуі мүмкін:

- бизнесті жүргізу бойынша қызмет көрсету (жұмыс процестеріне қызмет көрсету);

- делдалдар мен тұтынушылар кәспорындарының мәлімет қорларын қалыптастыру;

- консалтингтік және маркетингтік қызметтер көрсету, жұмыс процестеріне қызмет ету: орталықтандырылған есеп және заңгерлік қызмет, ақпараттық технологиялар саласында қызмет көрсету, жұмыс процестерін қалыптастыру бойынша, кәсіпорын менеджменті бойынша қызметтер, нарыққа нақты өнімнің (қызметтің) түрімен ену бойынша маркетингтік зерттеулер, өнімді (қызметті) дамыту (брендинг) және жарнамалау, т.б.;

- кеңестік қызметтер: бизнесті бастау бойынша және қызмет етіп жатқан бизнесті оңтайландыру бойынша кеңестер, қаржылық және заңгерлік кеңестер, сыртқы нарықтарда бизнес жүргізу бойынша және мемлекеттік сатып алулар бойынша сайыстарда қатысу туралы кеңестер;

- аймақтық жәрдемақы төлеу комиссия кеңесі бойынша бизнес үшін сервистік қызмет көрсетудің басқа да түрлері.

Бизнес жүргізудің сервистік қолдау көрсетудің механизмі:

- Кәсіпкерлер ұсынысы бойынша жергілікті деңгейдегі Бағдарлама үйлестірушісі қажетті сервистік қызметтердегі мұқтаждығын анықтайды және олардың тізімін аймақтық жәрдемақы төлеу комиссияның қарауына енгізеді;

- Жергілікті деңгейдегі Бағдарлама үйлестірушісі аймақтық жәрдемақы төлеу комиссиясы мақұлдаған тізім бойынша сервистік қызметтерді көрсетуге жіберілетін қаражаттар көлемін анықтайды, және сайыстық негізде сервистік қолдау бойынша операторды анықтап, онымен келісімшартқа отырады;

- Сервистік қолдау бойынша оператор кәсіпкерлікке сервистік қызмет көрсету мақсатымен, басқа сервистік институттарды субподрядқа жұмылдыруы мүмкін;

- Жергілікті деңгейдегі Бағдарлама үйлестірушілері сервистік қызметтерді көрсетуді қаржыландырумен айналысады;

- Кәсіпкер сервистік қызметті алу үшін аймақтық жәрдемақы төлеу комиссиямен бекітілген тәртіппен жергілікті деңгейдегі Бағдарлама үйлестірушісіне және сервистік қолдау бойынша операторларға өтініш білдіруі тиіс.

2011 жылдан бастап мамандарды дайындау бес бағыт бойынша жүргізіледі:

1) Индустрияландыру карта жобаларын қамсыздандыру үшін, жұмыспен қамту органдарының тапсырысы бойынша жобаларды жүзеге асыру үшін мамандарды дайындау. Мамандықтар мен облыстар бөлінісінде қайта дайындаудың нақты жоспарын, әрбір аймақ бойынша стратегияны жүзеге асыруды қаржыландыру бағыттарын бекітуден кейін жасалады;

2) Техникалық мамандықтар бойынша бос жұмыс орындарын толтыру үшін қайта дайындауды жүргізу;

3) Техникалық және кәсіби білім беру орындарының, кәсіби лицейлер мен колледждердің, және де ірі кәсіпорындар жанындағы білім орталықтарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, шетелдік жұмыс күшін қазақстандық мамандармен алмастыру;

4) «Жастар тәжірибесін» жүргізу бойынша шаралар;

5) Әлеуметтік жұмыс орындарын қалыптастыру бойынша шаралар.

Екінші бағыт – экономиканың шикізаттық емес секторының кәсіпорындарын сауықтыру.

Сауықтыру шегінде келесі қолдау көрсетілуі мүмкін:

- бар банк несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемеге (мақұлдаған сәтке) және жобаны мақұлдағаннан кейін пайда болатын бір несиелік желі шегіндегі жаңа қарызға қарыз берушіге жәрдемақы төлеу;

- қарыз берушінің бюджетке төленетін салық қарыздарын, салық кодексінде белгіленген тәртіппен қарастырылған өтемақысыз төлеу бойынша сұрақты қарастыру;

- қаржы-экономикалық Жоспар шегінде, сонымен қатар, қазақстандық қор биржасында орналастырылған облигациялар бойынша ішкі несие алдындағы берешектер бойынша кәсіпорындарды сауықтыруға байланысты басқа да шаралар.

Бағдарламаның қосымша 1 сәйкес экономиканың негізгі секторларында (Қазақстан Республикасының индустрия және сауда министрлігінің техникалық реттеу және әдістемелеу бойынша комитет төрағасының 2007 жылдың 14 желтоқсанынан №683-од бұйрығымен бекітілген, экономикалық қызмет түрлерінің жалпы топтастырылуымен (ЭҚЖТ) сәйкес) жұмыс істейтін кәсіпкерлер Бағдарламаның екінші бағытының қатысушылары бола алады.

Бағдарлама қатысушылары келесілер бола алмайды:

- минералды шикізат қайта өңдеумен айналысатын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсанының № 1344 қаулысына сәйкес мониторингке тиісті ірі салық төлеушілер тізіміне кіретін металлургиялық өнеркәсіп кәсіпорындары;

- қаржы-экономикалық жағдайлары, несиелері және басқа да қарыздары бойынша толық ақпаратты беруден бас тартқан кәсіпорындар;

- қаржы-экономикалық сауықтыру жоспарын (ары қарай - Жоспар) несие берушілермен келістірмеген кәсіпкерлер.

Банктердің несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді жеңілдету шарттары. Бағдарламаны жүзеге асырудың екінші бағытына қатысу үшін тапсырысты қарыз алушы 2010 жылда ғана бере алды. Бір қарыз алушы үшін, пайыздық мөлшерлеменің жеңілдетілуі жүзеге асырылатын несие сомасы 3 млрд. тенгеден аспауы тиіс. Егер қарыз алушының несие сомасы 3 млрд. тенгеден асатын болса, онда оның Бағдарламаны жүзеге асырудың екінші бағытында қатысуы туралы шешімді Мемлекеттік комиссия қабылдайды. Жәрдемақы мерзімі 3 жылдан аса алмайды.

Пайыздық мөлшерлемелерді жеңілдету, тек сыйақы мөлшерін банктер 12%-ға дейін түсіретін несиелер бойынша жүзеге асырылады. Олардың 7%-ын қарыз алушы, ал 5%-ын мемлекет өтейді. Сонымен қатар, банк төменде көрсетілген төлемдерден басқа ешқандай несиеге қатысты алымдар мен басқа төлемдерді алмайды:

- арыз берішінің бастауымен несиелендіру шарттарын өзгертуге байланысты;

- арыз берушінің несие бойынша міндеттерін орындамау себебімен алынатын.

Пайыздық мөлшерлемені жеңілдету болған қарызға (мақұлдаған сәтке) және жобаны мақұлдағаннан кейін пайда болатын бір несиелік желі шегіндегі жаңа қарызға таралады.

Салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді (төлеу көзінен ұсталынатын жеке табыс салығынан басқа) төлеу бойынша мерзімді кейін шегерту шарттары:

Салықтарды және бюджетке төленетін басқа төлемдерді (төлеу көзінен ұсталынатын жеке табыс салығынан басқа) төлеу бойынша мерзімдерді кейін шегерту, тек Бағдарламаны жүзеге асырудың екінші бағыты шегіндегі банктердің сыйақы мөлшерлемелерін жеңілдету үшін мақұлданған қарыз алушыларға ғана ұсыналады.

Төлеу мерзімін шегерту 2008 жылдың 1 қаңтарынан Қазақстан Республикасы Үкіметімен, Салық кодексінде белгіленген тәртіппен қарастырылған, сәйкес қаулы қабылданғанға дейін қалыптасқан қарызға берілетін болады.

Кәсіпорынды сауықтыру бойынша басқа да мемлекеттік қолдаудың шараларын ұсыну шарттары. Кәсіпорындарды сауықтыру бойынша мемлекеттік қолдаудың басқа шаралары, кәсіпорындар таңдауын, олардың Бағдарлама шарттарына, мемлекеттік бағдарламаның максаттарына, аймақтар үшін олардың жүйекұраушы мінезіне сәйкестігі негізінде жүзеге асыратын Мемлекеттік комиссия қасындағы арнайы жұмыс тобының кепілдемесін ескере отырып, жеке негізде жүзеге асырылатын болады.

Екінші бағытты жүзеге асырудың механизмі:

1) Өкілетті орган мен Қазақстанның қаржыгерлер ассоциациясы арасында (ары қарай-ҚҚА) Бағдарламаның екінші бағыты шегінде серіктестік туралы меморандум жасалады;

2) Қарыз алушы ең үлкен қарызы бар банкке (егер қарыз алушының бердей қарыздары бірнеше банкте болса, онда ол өз таңдауы бойынша біреуіне өтініш білдіреді) сауықтыру бойынша, келесі құжаттар қосылған, өтінішпен келеді:

- Бағдарлама шарттары, қаржы-экономикалық жағдайы, несиелер мен басқа қарыздары бойынша сәйкестігі туралы ақпарат;

- төлеу көзінен ұсталынатын, жеке табыс салығынан басқа, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша мерзімді шегерту туралы өтініш (ондай болған жағдайда);

- кәсіпорынды қаржы-экономикалық сауықтыру бойынша үш жылға жоспар (ары қарай-Жоспар).

- Қарыз алушыдан сауықтыруға өтініш алған, банк, үш күннің ішінде Қазақстанның қаржыгерлер ассоциациясы мен қаржы агентіне хабар береді;

- Қазақстанның қаржыгерлер ассоциациясы несиелер бойынша 100% қарыздары бар кәсіпорындарға несие бергендер комитетін құрайды, несие берушілер комитеті қарыз алушының қаржы-экономикалық жағдайын және оның Бағдарлама шарттарына сәйкестігін бағалайды. Сонымен қатар, несие берушілер комитеті қарыз алушылармен ақпаратты толық ашу туралы келісімге қол қояды.

Қарыз алушының тек бір банкте қарызы болған жағдайда, несие берушілер комитеті қалыптаспайды және ақпаратты толық ашу бойынша келісім сәйкес банкпен жасалады.

Қарыз берушінің қалауынша, несие берушілер комитетіне сәйкес жүйелік ассоциацияның өкілі кіруі мүмкін

- Несие берушілер комитеті ұсынылған қарыз алушылардың барлық құжаттарын қарастырғаннан кейін, қабылданған шешімдерді сәйкес хаттама түрінде ресімдейді.

- Қазақстанның қаржыгерлер ассоциациясы (Несие берушілер комитеті) хаттама мен қарыз алушылар бойынша құжаттарды қаржы агентіне жібереді.

- Қаржы агенті қарыз алушы туралы мәліметтерді жинаумен және өңдеумен айналысады, оған жәрдемақы төлеу бойынша кепілдемелерді жасайды және барлық құжаттарды өкілетті органға жібереді.

- Өкілетті орган, Жоспарларын несие берушілер комитетімен келістірілген, Бағдарламаның болашақ қатысушылардың құжаттары мен өздерінің кепілдемелерін Мемлекеттік комиссияның қарауына шұғыл түрде шығарады.

- Бағдарламаның шарттарына сәйкес, кәсіпорынды сауықтырудың мемлекеттік қолдаудың басқа шаралары бойынша Мемлекеттік комиссия жанындағы арнайы жұмыс тобы кепілдемелер жасап, құжаттарын Мемлекеттік комиссия қарауына шығарады.

- Мемлекеттік комиссия қарыз алушының төменде көрсетілгендер бойынша сауықтыру бағдарламасында қатысуын сәйкес хаттамамен мақұлдайды:

- а) банктердің несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді жеңілдету;

- б) салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеу бойынша мерзімді шегерту (төлеу көзінен ұсталынатын жеке табыс салығынан басқа);

в) Жоспар шегіндегі басқа шаралар.

- Мемлекеттік комиссиямен мақұлданған жағдайда, қарыз алушы әрбір несиені берушімен қарыздық міндеттемелер бойынша келісімшартты қайта жасайды. Онда келесі шарттар анықталады: несиелер бойынша пайыздық мөлшерлеме 12% деңгейінде нақтыланады, олардың 7%-ын қарыз алушы, ал 5%-ын мемлекет өтейді.

- Мемлекеттік комиссиямен мақұлданған жобалар бойынша банк, қатысушы және қаржы агенті арасында жәрдемақы төлеу туралы келісімшарт жасалады, оның шегінде қаржы агенті мен Бағдарлама қатысушысы банкке сыйақы мөлшерлемесінің тиісті үлестерін төлейді.

Үшінші бағыт – сыртқы нарықтарға өнім экспорттайтын, кәсіпкерлерді қолдау.

Мемлекеттік қолдау қолда бар банк несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді жеңілдету арқылы көрсетіледі.

Бағдарламаның үшінші бағытының қатысушыларын таңдау шарттары.

Экономиканың барлық секторларында өндіретін өнімнің 10%-нан астам экспорттайтын кәсіпкерлер Бағдарламаның үшінші бағытының қатысушылары бола алады. Төменде көрсетілгендерден басқа:

- тау-кен өнеркәсібі;

- минералды шикізат қайта өңдеумен айналысатын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсанының № 1344 қаулысына сәйкес мониторингке тиісті ірі салық төлеушілер тізіміне кіретін металлургиялық өнеркәсіп кәсіпорындары.

Банктердің несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді жеңілдету шарттары.

Пайыздық мөлшерлемесі жеңілдетілген несиенің сомасы бір қарыз алушы үшін 3 млрд. теңгеден аспауы тиіс.

Жеңілдету мерзімі 1 жыл мен 3 жыл арасын құрайды, кейін 10 жылға дейін ұзартылуы мүмкін.

2010 жылы Бағдарлама қатысушылардың, банктердің сыйақы мөлшерлемесі 12%-нан жоғары болмауы тиіс. Сонымен қатар, экспорттаушы 4%-ын төлейді, ал мемлекет 8%-ын өтейді. Банк төменде көрсетілген төлемдерден басқа ешқандай несиені қатысты алымдар мен басқа төлемдерді алмайды:

- арыз берішінің бастауымен несиелендіру шарттарын өзгертуге байланысты;

- арыз берушінің несиені бойынша міндеттерін орындамау себебімен алынатын.

Кейін несиені бойынша қаржы ұйымының сыйақы мөлшерлемесі, Өкілетті органның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілген және Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша Агенттігімен жылына бір рет бекітілетін, шекті нарықтық сыйақы мөлшерлемесінен жоғары болмауы тиіс.

2011 жылдан жәрдемақы мөлшері банктің сыйақы мөлшерлемесінің 70%-ын құрайды.

Үшінші бағытты жүзеге асыру механизмі:

- Экспорттаушы жергілікті деңгейдегі Бағдарлама үйлестірушісіне, жеке тауарлар бөлінісінде көлемдері мен экспорттау бағыттары бойынша ақпарат қосылған, банктің сыйақы мөлшерлемесін жеңілдету туралы өтінішін береді;

- Жергілікті деңгейдегі Бағдарлама үйлестірушісі жәрдемақы алуға өтініш берген экспорттаушылар тізімін аймақтық жәрдемақы төлеу комиссия қарауына шығарады;

- Бағдарламаның шарттарына сәйкес, аймақтық жәрдемақы төлеу комиссиясы, экспорттаушылардың банк несиелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін жеңілдету мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы шешім қабылдайды және шешімді сәйкес хаттамамен ресімдейді;

- Аймақтық жәрдемақы төлеу комиссиясымен қарастырылған барлық жобалар, олар бойынша қабылданған шешімдермен Өкілетті органға жіберіледі. Жоба бағдарлама шарттарына сәйкес болмаған жағдайда, Өкілетті орган аймақтық жәрдемақы төлеу комиссиясының шешімін жәрдемақы төлеу туралы келісімшарт жасалғанға дейін тоқтатуға құқылы;

- Аймақтық жәрдемақы төлеу комиссиясы жәрдемақы төлеу бойынша оң шешімі бар жобалар бойынша, банк, экспорттаушы және қаржы агенті арасында жәрдемақы төлеу туралы келісімшарт жасалады. Сол келісімшарт негізінде қаржы агенті және экспорттаушы банкке сыйақы мөлшерлемесінің тиісті үлестерін төлейді;

- Экспорттаушы үш айда бір рет қаржы агентіне, сәйкес дәлел құжаттар қосылған, өнімді экспорттау туралы есеп береді;

- Қаржы агенті ұсынылған құжаттарды растау үшін экспорттаушының есебін салық органдарына жібереді.

Бағдарламаның бірінші және үшінші бағыттарын жүзеге асыру шегінде өкілетті орган, жергілікті деңгейдегі Бағдарлама үйлестірушілері, банктер, Бағдарламада қатысуға үміткерлер мен қаржы агенті арасында екі Келісімшарт жасалады (пайыздық мөлшерлемені жеңілдету бойынша және банктардың несиелері бойынша кепілдендіру). Онда:

- бағдарлама қатысушылары арасында өзара әрекет ету тәртібі анықталады;

- пайыздық мөлшерлемелерді жеңілдету және банктердің несиелері бойынша кепілдік берудің шарттары мен тәртібі анықталады;

- жәрдемақы төлеудің және банктердің несиелері бойынша кепілдік берудің қалыпты келісімшарттары, құжаттарды, есеп берулерді ұсынудың түрлері бекітіледі;

- қаржы агентінің қызметі анықталады.

Бағдарламаның екінші бағытын жүзеге асыру барысында өкілетті орган, Қазақстанның қаржыгерлер ассоциациясы, банктер, Бағдарламада қатысуға үміткерлер мен қаржы агенті арасында келісім жасалады. Онда:

- несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді жеңілдетудің механизмі және өзара әрекет ету тәртібі анықталады;

- банктердің несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді жеңілдетудің шарттары мен тәртібі анықталады;

- Қаржы агентінің қызметтері анықталады.

Қаржы агентінің қызметін өкілетті орган төлейді.

Бағдарламаның барлық бағыттары бойынша банктердің несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді жеңілдету мен кепілдендірудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қаржы агенті банктердің несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемелердің жеңілдетілуі мен кепілдендірілуі бойынша Бағдарламаның жүзеге асырылуының мониторингін жасайды және жоғарыда көрсетілген Келісімнің бекітілген түрінде өкілетті органға есеп береді, егер ұсынылған ақпарат жеткіліксіз болатын жағдайда, Бағдарлама қатысушыларынан қосымша қажетті мәліметтерді сұрауға құқылы.

Жергілікті деңгейдегі Бағдарлама үйлестірушісі аймақтарда өндірістік инфрақұрылымның дамуы, бизнес жүргізудің сервистік қолдауы, мамандарды дайындау бойынша Бағдарламаның жүзеге асырылуының мониторингін жасайды және жоғарыда көрсетілген Келісімнің бекітілген түрінде өкілетті органға есеп береді.

Шағын бизнесті дамытуға жанама ықпалын тигізетін Республика бойынша жүргізіліп жатқан тағы да бір бағдарлама «жұмыспен қамту -2020» бағдарламасы.

Бағдарламаның басты бағыты - ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу болып табылады. Жалпы, өз бетінше жұмыспен айналысатындардың, жұмыссыздар мен табысы төмен отбасылардың көпшілігі ауылды жерлерде тұратынын ескерсек, оның үстіне елді мекендерде жалдамалы жұмыс орындарын құру оңайға түспейтінін есепке алсақ, ауыл кәсіпкерлігін дамытудың маңызы зор болмақ. «Осы бағыттың басты тетігі шағын несиелеу жүйесі арқылы жүзеге асады. Түпкі қарыз алушыға үш миллион теңгеге дейінгі сомада бес жылға дейінгі мерзімге микрокредит беру көзделеді. Кредит бойынша негізгі қарызды өтеу бойынша 18 айға дейін, алайда кредит мерзімі ұзақтығының үштен бірінен аспайтын мерзімге жеңілдікті кезең ұсынылуы мүмкін. Бұл орайда микрокредиттер тұтынушы мақсаттарына, басқа қарыздарды жабуға және жылжымайтын мүлік сатып алуға берілмейді. Микрокредиттеуге микрокредиттік ұйымдармен қатар бағдарламаға әлеуетті қатысушылар құратын несиелік серіктестіктер де іске тартылатын болады.

Бизнес энергиясы» Дағдарыс кезі тек төзімділікті тексеретін кез емес, сондай-ақ өз жұмысында жетістікке ұмтылатын адамдар үшін даму мүмкіндігі екенін тарих дәлелдеді.

Қазір Қазақстан экономикасы үшін оңай уақыт емес. Ал бизнестің тұрақтылығын сақтап тұру мақсатымен қаражат тартудың қиыншылығын шағын бизнес ерекше сезінеді. Өзіңнің жеке жұмысыңа қауып-қатер төніп тұрғанын сезіну ауырға соғады. Өйткені көптеген кәсіпкерлер үшін айналысатын жұмыстары жай ғана бизнес емес, сүйікті «сәбилері».

Шағын бизнестің мұқтаждығын және оларға қаржылай көмектің қаншалықты маңызды екенін түсінетін ҚАЗКОМ «Бизнес энергиясы» атты жаңа несие шешімдерінің желісін ойлап тапты. Енді Банк бизнесіңізді

дағдарыстың келеңсіз әсерлерінен қорғап, оның өсуі мен дамуына көмектесуге ұмтылады.

«Бизнес энергиясы» – несиелік шешімдерінің жиынтығы. Ол шағын бизнестің кез келген қажетті мұқтажын қамтып, сіздің бизнесіңізге жылдам, мықты әрі үлкен болуға көмектеседі. Қазкоммерцбанктің «Бизнес энергиясы» атты несиелік шешімдері болашағыңызға нық сеніммен қарауға көмектеседі! Қазкоммерцбанк ұсынған жаңа несиелік бағдарламалары белгілі бір бизнес-мақсаттарға сай ойластырылған: инвестиция салу, айналым қаражатын толықтыру, дайын коммерциялық жылжымайтын мүлік сатып алу, өзге банктердегі қарызды қайта қаржыландыру сияқты.

«Бизнес-айналым» Кәсіпкерлерлерге арналған «Бизнес-айналым» несиелендіру бағдарламасы «Бизнес энергиясы» жобасы аясында сіздің компанияңыздың айналымын көтеруге қажетті мүмкіндіктер береді.

«Бизнес-айналым» бағдарламасының артықшылықтары:

- несиелендіру мерзімі: 5 жылға дейін;
- несиелендіру сомасы: 1 млн. АҚШ долларына дейін (немесе 150 000 000 теңге);
- қазкоммерцбанкке салымды қамтамасыз еткен жағдайда сыйақы мөлшерлемесін азайту мүмкіндігі бар;
- несиені қамсыздандыру және сомасы мен уақытына байланысты сыйақының көлемі дифференциаланады.
- ликвидтік және әлсіз ликвидтік қамтамасыз ету мүмкіндігі;
- негізгі қарыз 6 айға дейін өтелсе, жеңілдікті кезең беріледі.

Несие/несиелік бағдарламасының шарттары:

I-Қарыз алушы: қарыз алушы, стандарттық қамсыздандырушы және Қазкоммерцбанкінде 25 пайыздан кем емес несиелік /лимит салған салымшы

II-Қарыз алушы: қарыз алушы, стандарттық қамсыздандырушы және 25 пайыз және одан да көп сомадағы несиелік-лимит салымы бар салымшы.

- несиелік/несиелік желісінің сомасы: 5000 АҚШ долларынан (750 000 теңге) 1 млн. АҚШ долларына дейін (150 000 000 теңге);
- несиелік желісінің мерзімі: 12 айдан 60 айға дейін;
- несиелік/несиелік желі бойынша транштың мерзімі: 3 айдан 36 айға дейін;
- несиелік/несиелік желінің валютасы: теңге, АҚШ доллары.

Кесте 3.1 Несиелік/лимит сомасы, мерзімдері және жылдық пайыздары

Несие/лимит сомасы	10 000 АҚШ долларына	10 001-ден 200 000 АҚШ	200 001-ден 1 000 000 АҚШ
Несие/лимит мерзімі	дейін/1 500 000 теңгеге дейін кіреді	долларына дейін/1 500 150 теңгеден 30 000 000 теңгеге дейін кіреді	долларына дейін/ 30 000 150-ден 150 000 000 теңгеге дейін кіреді

12 айға дейін (кіреді)	жылдық пайызы -21% APR жылдық пайызы – 31,11% бастап	жылдық пайызы – 19% APR жылдық пайызы-28,52% бастап	жылдық пайызы - 18% APR жылдық пайызы-27,24 %-дан бастап
12 айдан 18 айға дейін (кіреді)	жылдық пайызы -22% APR жылдық пайызы -27,14%-дан бастап	жылдық пайызы-20% APR жылдық пайызы -24,63%-дан бастап	жылдық пайызы - 19% APR жылдық пайызы- 23,39%-дан бастап
18 айдан көп (кіреді)	жылдық пайызы -23% APR - жылдық пайызы - 27,68% -дан бастап	жылдық пайызы-21% APR жылдық пайызы -25,15%-дан бастап	жылдық пайызы - 20% APR жылдық пайызы- 23,91%-дан бастап
II Қарыз алушы 0 пайызды салымды қамтамасыз етсе (несие/лимит валютасы салымға сәйкес келсе), несиелік желі бойынша ең төменгі мөлшерде несиелік/транштық сыйақысы	жылдық пайызы - 9%-дан APR жылдық пайызы - 16,25% - дан	жылдық пайызы - 11%-дан APR жылдық пайызы – 18,61%-дан	жылдық пайызы - 15%-дан APR жылдық пайызы- 23,47%-дан
Несие/несиелік желі сомасына байланысты салым сомасы	71%-дан жоғары	51 %-дан 70%-ға дейін	25%-дан 50%-ға дейін

Негіздеме- статистикалық басқару мәліметтері бойынша

I Қарыз алушыға берілетін сыйақының ең төменгі мөлшері (АҚШ доллары/теңге) – несиелік/лимиттің мерзіміне және сомасына байланысты шешіледі – жылына 18%, APR** - жылына 27,24%-дан бастап.

Салым мөлшері: 0% (несие валютасы және салымға сәйкес болса);

Валюта сәйкестігі: несиелік/лимит валютасы салым валютасымен сәйкестендірілуі қажет;

Несие/несиелік желіні қамсыздандыру: Қазкоммерцбанктің кепіл саясатымен келісілген түрде қамтамасыз етіледі (Салым да соған байланысты)

Салым мерзімі: несие/несие желісінің мерзімі он күндік жұмыс уақытынан кем болмауы керек.

Ликвидтік және әлсіз ликвидтік қамсыздандырудың ара-қатынасы:

[«Бизнес энергиясы»](#) жобасы аясында кәсіпкерлерге арналған «Бизнес-инвестиция» атты несиелеу бағдарламасы – тиімді шарттар негізіндегі қаржының қайнар көзі.

«Бизнес-инвестиция» бағдарламасының артықшылығы:

Несиелеу сомасы: 1 млн. АҚШ долларына дейін (немесе 150 000 000 теңге);

Сыйақы мөлшерлемесі - сома мен несие мерзіміне байланысты;

Несиелендіру мерзімі: 10 жылға дейін;

Қамсыздандыруға Қазкоммерцбанкке салынған салым ұсынса, сыйақы мөлшерлемесі төмендетілуі мүмкін;

Негізгі қарызды өтеудегі жеңілдікті мерзім: Қазкоммерцбанкке салынған несие сомасынан/лимиттен 51%-н жоғары салыммен қамсыздандырылса 12 айға дейін.

Несиелеу бағдарламасының шарттары

Қарыз алушы І: қалыпты қамсыздандыру мен несие сомасынан/лимиттен 25% төмен мөлшерде Қазкоммерцбанкке салынған салымды (Салым) ұсынатын қарыз алушы;

Қарыз алушы ІІ: қалыпты қамсыздандыру мен несие сомасынан/лимиттен 25% жоғары мөлшерде Салым ұсынатын қарыз алушы;

Несие/несие желісінің сомасы: 5 000 АҚШ долларынан (750 000 теңге) 1 000 000 АҚШ долларына дейін (150 000 000 теңге);

Несие желісінің мерзімі: 12 айдан 120 айға дейін;

Несиенің/транштың мерзімі: 3 айдан 120 айға дейін;

Несие/несие желісінің валютасы: теңге, АҚШ доллары;

Несие/несие желісі бойынша ең төменгі сыйақы мөлшерлемесі: қарыз алушы І үшін – жылдық 17%, APR - жылына 25,98%-дан бастап.

3.3 Шағын кәсіпкерлікті дамытудан күтілетін нәтижелерді бағалау

Осы берілген бағдарламалардың негізінде шағын бизнесті дамыйды деп күтіледі. Мәселен «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының шеңберінде Павлодар облысы бойынша шағын бизнес сферасына 100-ге жуық субсидия бөлінбек. Ожидается, что реализация мер, предусмотренных усовершенствованием разрешительной системы, должно значительно снизить административную нагрузку на бизнес, упростить разрешительную систему. В результате реализации предлагаемых мероприятий ожидается существенное увеличить доли малого и среднего бизнеса в ВВП, в связи с тем, что откроется ряд возможностей для предпринимателей в реализации новых бизнес – инициатив, также ожидается повышение рейтинга страны в международных отчетах по оценке бизнес - среды. Ожидается значительное (более чем в два раза) сокращение разрешительных документов, вследствие выведения отдельных видов деятельности, операций и действий из разрешительного режима. Разрешительная система и процедуры будут максимально приближены к

прогрессивной системе международной практики. Кроме того, в результате совершенствования разрешительной системы будут исключены дублирующиеся разрешительные документы, будет проведено упрощение процедур их выдачи, повышена прозрачность квалификационных требований.

Реализация данных мер позволит существенно снизить затраты бизнеса, а также позволит создать предпосылки для его дальнейшего динамичного развития, так как будет упрощена система государственного администрирования рыночной инфраструктуры. Ощутимые результаты реформы следует ожидать в течение последующих двух лет после завершения пересмотра разрешительных документов. Ожидается, что полученные результаты будут улучшены также за счет реализации других мер, следующих после проведения пересмотра разрешительных документов. Реализация предложенных мер позволит по прогнозам, до 2012 года вполне реально активизировать действующие предприятия и предпринимателей, способных создавать конкурентоспособную продукцию и услуги, и решив с их помощью такие городские и региональные проблемы как: занятость трудоспособного населения, развитие производственных и непроизводственных отраслей.

ҚОРЫТЫНДЫ

Шағын бизнестің дамуы Қазақстандағы экономикалық түрленудің ең маңызды бағыттарының бірі болып келеді. Оның одан әрі дамуының тұжырымдамасы ортақ нарықтық алғышарттарды – нарықтық инфрақұрылымды, дәлелдік механизмді, және мемлекеттің арнайы қолдау жүйесін жасауды қарастырады.

Шағын кәсіпорын - аздаған жұмыскерлер саны бар, кәсіпорынға арналған кәсіптік іс әрекетімен мемлекет, аймақ бойынша аз ғана тиесі бар кез-келген жеке меншік формасындағы заңды тұлға. Оның тиесі шығаратын және жүзеге асырылатын өнімінің құнымен анықталады. Ірі елдегі бір үлгілі кәсіптегі шағын кәсіпорындар саны ондаған, жүздеген мың боп келсе, бір ғана осындай кәсіпорынға жалпы өндіріс көлемінің аз ғана бөлігі тиеді, бірақ олар біріксе еліміздің барлық өнімінің жартысын шығаруға қабілетті болар еді.

Шағын бизнестің дамуы тиімді аралас экономиканы қалыптастырудағы жалпы әлемдік тенденцияларға, бәсекелестік нарықтық механизм мен ірі, ұсақ және орташа өндірістің мемлекеттік реттеудің күрделі жинақталуы жүзеге асырылатын жеке меншіктің әр түрлі формалары, оларға тән шаруашылық модельдерін қалыптастырудағы тенденцияларға жауап береді. Шағын кәсіпкерлік секторы - экономикалық өсу қарқынын анықтаушы тұрғындарды

еңбекпен қамтамасыз ету жағдайын, ұлттық өнімнің құрылымы мен сапасын анықтайтын жетекші секторлардың бірі.

Шағын кәсіпорындар ғылыми техникалық жетістіктерді қабылдауға анағұрлым қабілетті, нарықтағы сұраныс өзгерісіне оңай бейімделеді. Сондай-ақ ірі кәсіпорындарға тауар жеткізу мен қызмет көрсету құқығы үшін өзара бәсекеге барады, мұның өзі оладың тұрақты табыстарда кепілдік береді. Шағын бизнес нарықта консалтингтік, брокерлік, маклерлік, делдалдық, жарнама, қолданбалы зерттеу жұмыстары бойынша қызмет көрсетумен қамтамасыз етіліп, белсенді рөл атқарады.

Шағын бизнес субъектілері кей кезде нақты тұтынушының тапсырысы бойынша тауар шығарады, кәсіпқой мамандарды даярлайды. Кейбір мемлекеттерде тауар өндірісі, қызмет көрсету деңгейі бойынша шағын бизнес алдыңғы орында тұрады. Шағын бизнес субъектілерінің бірқатар кемшіліктеріне байланысты шағын кәсіпорындар сәтсіздікке ұшырауы мүмкін.

Қазақстан Республикасында шағын бизнестің рөлі қарқындап өсуде. Кәсіпкерлік бүгінгі экономиканың төмендегі маңызды мәселерді шешуге мүмкіндік береді:

а) жергілікті шикізат көздерін пайдалана отырып көптеген тұтыну тауарлары мен қызметтерінің өндірісін аса көп капитал малымдарын салмай ақ кеңейту ;

б) ірі кәсіпорындардан босаған жұмыс күшінің еңбекке орналасуы үшін жағдайлар жасау;

в) ғылыми- техникалық үрдісті жеделдету;

г) қылмыстық бизнеске позитивті альтернатива құру.

Республикамызда тиімді нарықтық экономика құру үшін шағын кәсіпкерліктің маңызы оның бәсекелестік ортаның дамуын қамтамасыз ететін құрылым жасаушылық факторында: базарды тауарлар мен қызметтерге толтыру ; халықтың қол өнерін қайта жаңғырту ; тұтастай мемлекеттің және жергілікті өкімет органдарының экономикалық базасын күшейтуде; ауылдарды, шағын және орташа қалаларды дамытуда

Шағын кәсіпорындардың 38%-дан астамы 1994-1995 жж шағын жекешелендіру кезінде пайда болды. Дәл осы жылдары, инфляцияның төмендеуімен сипатталған, макроэкономикалық тұрақтылыққа беталыс жоспарланды. Сонымен қатар, мемлекеттік секторда халықтың белгілі мөлшері босатылады, ақырында оның бір бөлігі шағын кәсіпкерлік ортасына өтті.

Шағын кәсіпкерліктің дамуына, бюджет тапшылығымен, жеке кәсіпорындардың төлеуге мүмкіндігі жоқтығымен, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуімен, оның төлеу мүмкіндік сұранысының қысқартылуымен және т.б. сипатталатын, экономиканың жалпы дағдарыстық жағдайы теріс әсер етеді.

Шағын кәсіпкерлік Республикамыздың әрбір аймағында әр түрлі көрсеткіштерге ие, дегенмен Республика бойынша бұл көрсеткіш жылдан-жылға нәтижелі болып келеді. Дегенмен бұл әлі де болса аздық етеді, себебі экономикасы дамыған шетел мемлекеттерінде әрбір 1000 адамға 1 шағын кәсіпкерліктен келетін болса, бұл бізде әрбір 10000 адамға 1 кәсіпкерліктен

келетіні байқалған. Біз де экономикасы дамыған алдыңғы елу елдің қатарына енуіміз үшін осы мәселеге мән бергеніміз жөн.

Қазақстан Республикасы бойынша 2011 жылыдың 1 қаңтарына тіркелген шағын кәсіпкерлік санының барлығы 1 188 735 – ті құрады, соның ішінде заңды тұлғалар 208385-ті, жеке кәсіпкерлер 793514-ті, ал шаруа қожалықтары 793514-ті құраған.

Шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандарды талдар болсақ 2009 жылы оның жалпы саны 92041-ді құраған, ол өткен 2008 жылмен салыстырғанда 15,2 пайызға артты және заңды тұлғалар 20,5 пайызға, жеке кәсіпкерлер 14,4 пайызға, ал шаруа қожалықтары 3,7 пайызға артқаны байқалды. 2010 жылы 2009 жылмен салыстырғанда жалпы сомда 87472 адам болса, ол өткен жылмен салыстырғанда 4,9 пайызға қысқарған, соның ішінде соның ішінде заңды тұлғаларда жұмыспен қамтылғандар 23,4 пайызға кеміп, жеке кәсіпкерлерде жұмыспен қамтылғандар 24,2 пайызға кеміген және шаруа қожалықтарында жұмыспен қамтылғандар саны 10,6 пайызға қысқарған.

Салықтар мен түсімдерді талдар болсақ, салық көлемі жылдан-жылға азайып келе жатқандығы байқалуда, себебі Қазақстан Республикасының салық Кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізілуіне сәйкес, салық заңнамасы бойынша, шағын кәсіпкерлерді дамыту мақсатында мөлшерлемелер қысқартылған, яни пайыздық үстемелер шегертілген. Мәселен 2009 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілерінен 17,9 млн теңге көлемінде салық ұсталынса, ал 2010 жылы бұл көрсеткіш 16,2 млн. теңге болып, 9,5 пайызға кеміген, ал 2011 жылы бұл көрсеткіш 5,8 пайызға қысқарған, әрине бұл шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекет тарапынан жасалып отырған үлкен көмек екендігі белгілі.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерімен шығарылған өнім көлемін талдау барысы 2009 жылы Павлодар облысы бойынша 100896 миллион теңге көлемінде өнім шығарылған, қызмет көрсетілген, яғни ол өткен 2008 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге көбейген.

Жалпы республика бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім көлемін салыстыра отырып (Қосымша Б қара) мынаны атап айтуға болады, 2010 жылы өндіріс көлемінің қарқыны бәсеңдегенін және ол 2009 жылмен салыстырғанда 101,8 пайызды құрағанын, ал 2009 жылы 2008 жылмен салыстырғанда 135,8 пайызға көбейгендігін айтуға болады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, қаржылық дағдарыстың белсенді әсер етуіне қарамастан, 2008 жылға қарағанда шағын кәсіпорындар санының өсуі Ақсу қаласы бойынша (24 бірлікке дейін), Ақтоғай ауданы бойынша (15 бірлікке дейін), Ертіс ауданы бойынша (5 бірлікке дейін) және Май ауданы бойынша (3 бірлікке дейін) байқалады

Жалпы республика бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім көлемін салыстыра отырып (Қосымша Б қара) мынаны атап айтуға болады, 2010 жылы өндіріс көлемінің қарқыны бәсеңдегенін және ол 2009 жылмен салыстырғанда 101,8 пайызды құрағанын, ал 2009 жылы 2008 жылмен салыстырғанда 135,8 пайызға көбейгендігін айтуға болады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, қаржылық дағдарыстың белсенді әсер етуіне қарамастан, 2008 жылға қарағанда шағын кәсіпорындар санының өсуі Ақсу қаласы бойынша (24 бірлікке дейін), Ақтоғай ауданы бойынша (15 бірлікке дейін), Ертіс ауданы бойынша (5 бірлікке дейін) және Май ауданы бойынша (3 бірлікке дейін) байқалады

3.3

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Пелиха А.С., Основы предпринимательства, 1996г., с 126
- 2 Токсанова А. Н., Развитие малого предпринимательства: концептуальный подход с позиции менеджмента, Алматы: 1999 г., с.88
- 3 Назарбаев Н. А., «Қазақстан – 2030»: Өркендеу, қауіпсіздік және барлық қазақстандықтардың тұрмыс жағдайын жақсарту. Елбасының Қазақстан халқына жолдауы, Алматы 1997ж. 63 бет
- 4 Алимбаев А. А., Государственное регулирование экономики. Учеб. пособие для вузов 2-е изд. перераб. Алматы: 1999 г., с. 221
- 5 Сейтказиева А. М., Инвестиционная деятельность предприятия: Учеб. Пособие, Алматы: Экономика, 1998 г. с. 145
- 6 Блинов А. Малое предпринимательство: Организационные и правовые основы деятельности. М., 1998 г.
- 7 Кантарбаева А. К. Предпринимательство: институционально-эволюционный подход. А., 2000 г.
- 8 Орлов А. Малое предпринимательство; старые и новые проблемы / Вопросы экономики. 1997 – № 4
- 9 Окаев К.О., Смагулов Н.Т., Яновская О.А., Предпринимательство в Республики Казахстан, Алматы; Экономика 1999 г.

10 Лапуста М. Г., Старостин Ю. С. малое предпринимательство – М: ИНФРА – М, 1998 г.

11 Ажекбаев К. А., Колобаева с. В. Малое предпринимательство в государствах – участниках СНГ / Право и экономика В странах Европы и Азии 1997 г. № 1-2.

12 Какмижанов З.Х., Жусупов С.Е., Мусин О.К., Предпринимательства Казахстана: состояние и тенденции: Выборочная информация по итогам социологического исследования, Алматы: 1998 г., с 212

13 Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, Астана 01.07.1999 ж. № 409-1 ЗРК.

14 «Жеке кәсіпкерлік туралы Заң», Астана февраль 2006 год.

15 Закон РК «Об инновационной деятельности», Астана. 03.07.2002 г. № 333-4.

16 Закон РК « О науке, Астана 09.97.2001г. № 225-11.

17 Закон Республики Казахстан: «О микрокредитных организациях» от 6.03.2003 года № 392 -2

18 Постановлением Президента Республики Казахстан «Программа ускоренных мер по развитию малого и среднего предпринимательства в Республики Казахстан на 2005 – 2007 годы», Астана, 12.05.2005г.

19 Приказ Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан «О некоторых вопросах по созданию и развитию технопарков», Астана 16.04.2004г, № 93

20 г. Павлодар: Департамент экономики Павлодарской области - 2003 год.

21 Сборник нормативных правовых актов по малому предпринимательству. Книга –1, 2, 3 Астана: РИВЦ 2001 год

22 Справочная система «ЮРИСТ», О защите и поддержке частного предпринимательства: Закон Республики Казахстан: Официальный текст по состоянию на 15 февраля 2002 года Алматы: 2002 г.

23 Проблемы развития малого и среднего бизнеса в Республики Казахстан: экономика, технология, финансы и менеджмент. М: Международной научно-практической конференции 5-7 декабря 2001 г. Семей: 2001 г.

24 Предпринимательство и право: Сборник нормативно правовых актов / Сост. А. Худянов, Л. Давыдова – Алматы: 1996 г.

25 Предпринимательство и право: Сборник нормативно правовых актов / Сост. А. Худянов, Л. Давыдова, - 2-е изд. с измен. и допол. Алматы 1999 г.

26 Предпринимательство в Республики Казахстан: Правовое регулирование Алматы: БОРКИ Кн. 1, 1999 г.

27 Предпринимательство в Республики Казахстан: Сборник нормативных актов по состоянию на 1.09.2000 года Алматы: Юрист 2000 г.

28 Малый и средний бизнес: Законодательство Республики Казахстан; Сборник законодательно-правовых актов: В 4-х ч. / Сост. А. О. Масатбаев; Под ред. Г. И. Тулеугалиева – Алматы: 1999 г. Ч: 1 Общие вопросы правового регулирования малого и среднего бизнеса – 1999 г.

29 Малый и средний бизнес: Законодательство Республики Казахстан; Сборник законодательно-правовых актов: В 4-х ч. / Сост. А. О. Масатбаев; Под

ред. Г. И. Тулеугалиева – Алматы: 1999 г. Ч: 4 Государственная поддержка малого и среднего бизнеса – 1999 г.

30 В помощь предпринимателю: Итоги исследований – 2, Астана: РИВЦ - 2002 г.

31 Информационно- аналитический журнал: Малый и средний бизнес Казахстана г. Астана 2003 год.

32 Специализированный справочник: «В помощь предпринимателю»

33 Путеводитель для предпринимателя (Павлодарская область) г. Астана: РИВЦ 2002 год.

34 Основы введения малого бизнеса в Республике Казахстан г. Астана: РИВЦ 2001 год.

35 Предпринимательство. Под ред. М. Г. Лапусты М.: ИНФРА-М, 2002 г.

36 Предпринимательство: Учебник для вузов / В. Я. Горфинкель, Г. Б. Поляк, В. А. Швандар и др: Под. ред. В. Я. Горфинкель М.: Банки и биржи, ЮНИТИ, 1999г.

37 Предпринимательство и право: опыт Запада / Под. ред. Е. А. Суханова. М: Дело, 1992 г.

38 Предпринимательство: Основной курс: Учебник для вузов М.: ИНФРА – М, 1997 г.

39 В помощь предпринимателю. Методические рекомендации. Министерство индустрии и торговли РК. г. Астана 2002 г.

40 Статистический сборник «Малое предпринимательство павлодарской области», Департамент статистики Павлодарской области, 2008 г.